

**"Қостанай облысы әкімдігінің қоғамдық даму басқармасы"  
ММ тапсырысы бойынша**

**По заказу ГУ "Управление общественного развития  
акимата Костанайской области"**



**«ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ САЯСАТЫ»  
Халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
материалдары**

**Материалы международной научно-  
практической конференции**

27 мамыр 2022 жыл, Қостанай

**Редакциялық кеңес:**

Исмаилов С.С., тарих ғылымдарының кандидаты; Табулденов А.Н., тарих ғылымдарының кандидаты; Айтмухамбетов А.А., тарих ғылымдарының докторы, Айтжанова И.Н., PhD докторы; Ауесханов А.У.

**Редакционный совет:**

Исмаилов С.С., кандидат исторических наук; Табулденов А.Н., кандидат исторических наук; Айтмухамбетов А.А., доктор исторических наук, Айтжанова И.Н., доктор PhD; Ауесханов А.У.

**Editorial board:**

Ismailov S.S., Candidate of Historical Sciences; Tabuldenov A.N., Candidate of Historical Sciences; Aitmuhambetov A.A., Doctor of Historical Sciences; Aitzhanova I.N., Doctor of PhD, Aueshanov A.U.

«ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ САЯСАТЫ», 2022 жылдың 25 мамырдағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. 92 б. = «ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ САЯСАТЫ»: Материалы международной научно-практической конференции 25 мая 2022 года. - Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022. - 92 с.= «KAZAKHSTAN: THE POLICY OF HISTORICAL EDUCATION»: Materials of the international scientific and practical conference on May 25, 2022. - Kostanay: Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, 2022. - 92 p.

ISBN «Қазақстан: тарихы тағылымы САЯСАТЫ» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында 1920-1950 жылдары тарихта орын алған репрессивтік үдерістерді зерттеу проблемалары бойынша еркін пікір алмасу және ғылыми зерттеулер нәтижелері үшін пәнаралық диалог алаңын құру, оларды зерделеу әдіснамасы, заманауи саяси-құқықтық әдістерді қолдану мәселелері бойынша ғылыми мақалалар ұсынылған. саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалтуды жүргізуге, белгіленген проблемаларды одан әрі зерделеу жөніндегі тұжырымдамалық ережелер мен ұсынымдар әзірлеуге арналған құралдар.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции тему: «ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ САЯСАТЫ»: представлены научные статьи по вопросам, создание междисциплинарной диалоговой площадки для свободного обмена мнениями и результатами научных исследований по проблемам изучения репрессивных процессов, имевших место в истории в 1920-1950-е годы, методологии их изучения, использование современных политико-правовых инструментов для проведения полной реабилитации жертв политических репрессий, выработки концептуальных положений и рекомендаций по дальнейшему изучению обозначенных проблем.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

The collection of the International Scientific and Practical Conference on the topic: «KAZAKHSTAN: TARIKHS TAGYLYM SAYASATY»: presents scientific articles on issues, the creation of an interdisciplinary dialogue platform for the free exchange of opinions and research results on the study of repressive processes that took place in history in the 1920s-1950s, the methodology of their study, the use of modern political and legal tools for the full rehabilitation of victims of political repression, the development of conceptual provisions and recommendations for further study of the identified problems.

The materials of this collection may be of interest to scientists, teachers of higher educational institutions, master students and undergraduates.

**ӘОЖ 93/94 (574)****КБЖ 63.3 (5 Қаз)**

Авторлардың пікірі редакциялық кеңес көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Тапсырылған материалдар үшін жауапкершілік авторларға жүктелген. Материалдарды қайта басып шығаруда конференция материалдарына сілтеме жасау міндетті. = Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции. Рукописи не рецензируются и не возвращаются. За достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна. = Opinions of authors may not always coincide with the opinions of editors. Manuscripts are not censored or recalled. Authors are responsible for the adequacy of the information provided. If reprinting of the content is to take place, a reference to the conference content is obligatory.

**Жұрқабаев Марат Кенжебекұлы –**  
*Қостанай облысы әкімдігінің қоғамдық  
даму басқармасының басшысы*

### **Құрметті оқырман!**

31 мамыр – Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі болған жаппай саяси қуғын-сүргін мен миллиондаған адамның өмірін қиған қасіретті ашаршылықты еске алу күні. Ағымдағы жылы осы атаулы күннің белгіленгеніне 25 жыл толып отыр.

Қазақстан жеріндегі саяси репрессиялар 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін-ақ бірден басталып кетті. 1920 жылдың соңы мен 1930 жылдың басында еліміздегі саяси репрессиялар жедел түрде индустриализациялау мен ауыл шаруашылығын коллективтендіруді күштеп кіргізу секілді бұқаралық сипат алды. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен жүргізілген шаруаларға қатысты репрессиялық саясаттың аштыққа алып келгенін біз жақсы білеміз.

Қуғын-сүргіннен тек қазақ халқы ғана зардап шеккен жоқ. Зұбалаң жылдарында қазақ жері ұлты мен дініне қарамастан көптеген адамдардың үйіне айналды. Көптеген отбасылар үшін Қазақстан олардың өмір шежіресіндегі жаңа парақшаға айналды. Сол кездегі ең маңыздысы – бәрі бірігіп, репрессия деп аталатын мызғымас күшке қарсы тұрды.

1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысымен 20-40 және 50-жылдардың басында қуғын-сүргінге ұшыраған және сотталған арыстарымыздың даңқты есімдері халыққа қайтарылды. Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Бейімбет Майлиннің, Міржақып Дулатовтың шығармашылық мұрасын жаңғырту жұртшылық арасында ерекше қолдауға ие болды.

2020 жылғы 24 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссияның басты миссиясы – Қазақстанның ХХ-ғасырдағы тарихының ақтаңдақ беттерін зерттеу, аттары ұмыт болған арыстарымыз бен азаматтарымыздың есімдерін халық жадына оралту.

2021 жылдың қаңтар айынан бастап Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі облыстық комиссия жұмысын бастады. Комиссия құрамында 5 жұмыс тобы мұрағаттағы тарихи құжаттарды 5 тақырып бойынша зерделеді. Өткен 2021 жылы осы жұмыстың арқасында ақталмаған азаматтардың 1173 тегі анықталды, 7 жаппай жерлеу орны белгілі болды, 1 ұжымдық монография және 1 жинақ жарық көрді.

Облыстық комиссия жұмысына өңірлік жоғары оқу орыну профессор,ғалымдары үлес қосты. Бұл ретте, басшылығы мен ұжымына алғысымызды білдіреміз.

Бұл жұмысқа атсалысқан барлық азаматтардың улесі біз үшін маңызды және пайдалы болып табылатыны сөзсіз. Тарихи естелік патриоттық тәрбиенің негізі болуға тиіс. Жазықсыз қаза тапқан батырларды есте сақтау - идеологиялық көзқарастардағы айырмашылықтарға қарамастан, біздің ортақ ісіміз. «Өткеннен алыс ештеңе жоқ, болашаққа жақын ештеңе жоқ», – дейді халық даналығы. Бүгін саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні – бұл тарихтың ұмытылмайтынының дәлелі. Жазықсыз зардап шеккендердің бәріне олардың жақсы есімін қайтару – біздің қасиетті парызымыз.

И.о. Проректора по стратегическому развитию и цифровизации  
Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова

## **ЗДРАВСТВУЙТЕ, УВАЖАЕМЫЕ УЧАСТНИКИ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ!**

В этом году исполняется 25 лет со дня выхода Указа Президента об объявлении 31 мая Днем памяти жертв политических репрессий и голода.

Первые шаги по реабилитации граждан, которые были подвергнуты незаконным репрессиям были сделаны в 1950-е годы. Но данная акция была достаточно закрытой и носила фрагментарный характер. Более широкое освещение в обществе темы репрессий и реабилитации стала проводиться в 1988-1990-е годы, что было связано с политикой демократизации и гласности.

В данный период народу были возвращены имена наших великих казахских деятелей, как Ахмет Байтұрсынов, Алихан Букейханов, Мыржақып Дулатов, Мухамеджан Тынышпаев и другие. Однако, данная работа была не полной, так как не охватила тысячи имен простых казахстанцев, которые остались без реабилитации и их имена не были возвращены даже их родственникам.

Новый импульс данному процессу придал Указ Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева от 24 ноября 2020 года, **О создании Государственной комиссии по полной политической реабилитации жертв политических репрессий**. В соответствии с данным документом были созданы в областях и городах республиканского значения Региональные комиссии, в которые вошли общественные деятели, депутаты, заинтересованные государственные органы, ученые-исследователи, работники музеев, архивов, школьные учителя, волонтеры.

Известно, что профессорско-преподавательский состав университета активно участвует в работе Региональной комиссии по реабилитации жертв политических репрессий. Ежегодно в Костанайском региональном университете имени Ахмета Байтұрсынова проводятся целый ряд мероприятий, посвященных этой дате. В Костанайском региональном университете имени А.Байтұрсынова в 2021 году создан офис «Изучение и реабилитация жертв политических репрессий», который проводит на постоянной основе работу по выявлению репрессированных граждан. Данная работа способствует процессу реабилитации незаконно репрессированных граждан. Символично, что 2022 год, проходящий под знаком 150-летия со дня рождения нашего знаменитого земляка Ахмета Байтұрсынова, проходящего под эгидой ЮНЕСКО совпал с этой датой.

Необходимо отметить, что сам А.Байтурсынов дважды становился жертвой политических репрессий, которые проходили в стране в 1920-1930-е годы. Только в 1988 году его имя было возвращено Казахстану.

Жертвами сталинских репрессий стали не только известные политические, общественные деятели, но и представители культуры, образования, науки, производственники и представители других сфер жизнедеятельности государства и общества.

В настоящее время работа по реабилитации ведется по различным направлениям, в результате которой будут выявлены жертвы незаконных репрессий, проводившиеся в годы конфискации баев и кулаков, коллективизации, голода 1920-1930-х годов, депортации народов на территорию Казахстана, восстаний, репрессии в отношении участников движения Алаш, служителей религиозных культов и других категорий граждан.

Данная международная научно-практическая конференция поспособствует раскрытию новых страниц нашей истории, в которой имели место подобные трагические события. Хочу пожелать участникам конференции плодотворной работы и всех благ.

**Өмірзақ Озғанбаев** «Ардагерлер ұйымы»  
Республикалық қоғамдық бірлестігі  
төрағасының орынбасары, тарих ғалымдарының  
докторы, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық  
ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның  
мүшесі

### **«ЗАМАНА ЗАПЫРАНЫ»**

2020 жылы қараша айының 24-ші жұлдызында Президент Қ.К.Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойып, жедел түрде комиссия құрамы да жасақталып жұмысын бастап кеткен болатын. Өткен ғасырдың басында халқымызды сарсаңға салып, қасірет шектірген саяси қуғын-сүргіннің зобалаңы тарихтың ақтаңдығы ретінде көңілден көшпей, жүректен өшпей келе жатқаны рас. Ендігі ретте, егеменді ел болдық, етек-жеңімізді жинадық, әлем алдында танымал мемлекетке айналдық деген тұста саяси қуғын-сүргін құрбандарын жазықсыз жағылған қара күйеден аршып алу басты парызымыздың бірі болмақ.

Сөз орайы келгенде айта кетейін бұл өзекті мәселе бұдан бұрын да көтерілген еді. Алайда, түйіні шешілмей, күрмеуі көп болып орта жолда аяғына дейін жеткізілмей қалғанды. Енді, міне, «Сабақты ине сәтімен» болған уақыт та келіп жетті. Адамзатты қызыл асығына дейін қан кештірген Қызыл империя қаншама жанға «халық жауы», «жапон тыңшысы», «қарақшы» т.б. түрлі айып тағып жалалы етті, қанын төкті, көз жасына қалды десеңші.

Сталиндік-большевиктік билік халық толқулары мен қарсылықтарына қатысқандарды саяси репрессияға ұшыратып, «халық жауы» атандырып Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күрескендерді «буржуазиялық ұлтшылдар» деп «пантюркистер» деп, Жапония, Түркия, Германия т.с.с. европалық елдердің жолымен жүргісі келгендерді сол елдердің «шпиондары», «бандқұрылымдардың мүшелері», «отанын сатқандар» деп қудалаған.

Солақай саясаттың құрығына ілініп қаза тапқан аруақтардың есімін ар соты алдында ақтап алу иманды, сауапты, ізгілікті іс деп білемін. Біріншіден-осындай қилы кезең, тар жол тайғақ кешуде шейіт болғандарды ақтау аруақ алдындағы азаматтық борышымыз, екіншіденкөзі тірі ұрпақ үшін міндетіміз, үшіншіден-болашақты гуманистік имандылық қадамға бағыттауға кең мүмкіндік берер қадамымыз.

Тарих қойнауына көз жүгіртсек тарихшылар мен саясаттанушылардың пайымдауынша 1930-1933 жылдары 3 миллионнан астам қазақ ашаршылық құрбаны болған. Бұған 1921-1922 жылдары аштан қатқан 1,5 миллион адам бақилық болды. Ал, 1937-1938 жылғы репрессияда 100 мыңнан аса адам қуғын-сүргінге ұшырады. Соның 25 мыңы атылды. Оққа ұшқандардың дені қазақтың

бетке ұстар, көш бастаушы, ағартушы, ұлттың көсемі болуға лайық алаштың арда ұлдары еді.

Бұрынғы КСРО бас прокурорлары, А. Вышинскийдің, Руденконың айтуы бойынша орта есеппен 1 минутта бір іс қаралып, бір адамның өмірі қиылып отырған. Олардың көбіне соттан тыс органдармен қаралғанының өзі, айыпталып, жазаланғандардың толық ақталуына негіз болады.

Сонымен қатар елімізде 370-тен аса бұқаралық көтерілістер мен қарсылық шаралары да әділ бағасын алған жоқ. Бұл қан жосамен басылған ереуіл туралы деректер егемендікке дейін өте құпия күйде сақталды.

Айталық, Семейдің – Абыралысындағы, Қызылорданың – Қарақұмындағы, Түркістанның – Созағындағы, Маңғыстаудағы Адай көтерілісі әділдікті талап еткен халықтың наразылығы болатын. Күнкөрісі үшін талғажау етіп отырған қолындағы азғантай малын ұжымдастыру деген желеумен тартып алса, егіні жоқ, малынан айырылған халық ашуға мініп қарсы шықпағанда қайтеді. Қазақтың табан ақы, маңдай терімен еккен егінінің дәні өзіне бұйырмады. Бірақ, пышақ, балта, қорағаш ғана қолына іліккен қарапайым шаруа қойны-қонышына дейін мұздай қаруланған жасақтың бетін қайтара алушы ма еді? Осы тұрғыдағы көтерілістердің бұрқ ете түсуі бейбіт тұрғынның қынадай қырылуына алып келді. Сөйтіп, қазақтың басындағы қасірет қоюлана түсті. Ұсталған көтерілісшілерді аяусыз қырды, атты, дарға асты, түрмеге қамады.

Профессор Ә.Әбжаппаровтың «Созақ көтерілісінің қасіреті» еңбегінде: жарты ғасыр бойы айтылмай келе жатқан қанды оқиғаның ең ірісі 1930 жылы Созақта болған халық наразылығы еді. Адам шығыны мен қатысқандар саны жағынан ең ауқымды көтерілістің тұтануына халықтың қолындағы мал-мүліктің заңсыз тәркіленуі, зорлық-зомбылық, қолындағы соңғы сауын малына дейін тартып алынуы, «жүн салығы», т.б. түрлі салықтардың салынуы себеп болды. Күйзеліп, әбден жұтаған халық, намысы тапталған бұқара амалы таусылып атқа қонуға мәжбүр болған.

Тағы бір жантүршігерлік мысал. Семей губерниялық атқару комитетін басқарған Нығмет Сырғабеков деген азамат ашқұрсақтықтан қалаға жетуге қауқары жетпей жолдың екі жақ жиегінде қиналып жатқан балаларды көргенде көкірегі қарс айырылып, жүрегі сыздағаннан бүлдіршіндерді үйіне алып келіп, жуындырып, киіндіріп, тамақтандырып балалар үйіне тапсырып отырған. Аштан өлген адамның есебінде қисап жоқ. «Аштан өлген адамның моласы жоқ», – деген қағида ел арасында осындай кезеңде етек алса керек. Өйткені, аштық кезінде баудай қырылған өлікті арулап қоюға еш мүмкіндік болмаған. Далада аштан өлген пенделердің сүйектерінің қаңқасы ағарып жататын. Осы көріністер жанына батқан Н.Сырғабеков

– «Сонда бұл астық қайда кетеді?», – деп Н.Сырғабеков айқайға басады.



– «Шет елге өткізіп, айырбасқа құрал-жабдық алынады», – депті қоймашы. Содан Н.Сырғабековтың үстінен аймақтық партия комитетіне арыз түсіп, ісі жиналыста қаралып, қатаң сөгіс беріледі.

Қуғын-сүргін құрбандарының дені иісі қазақтың бетке ұстар, көш бастаушы, ағартушы, ұлттың көсемі болуға лайық алаштың арда ұлдары еді. Амал қанша? Сөйтіп, Кеңестік қызыл империя қазақтың мәйегін орып, халықты «бассыздандырды».

**А.Ахмет**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
университеті тарих ғылымыдарының  
докторы, профессор

### **«АЛАШ» ОТРЯДЫ ТУРАЛЫ АҚИҚАТ**

Қазақ Елінің тарихындағы ақтаңдақтардың бірі – екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тұтқындар жөнінде және Түркістан легиондарында қызмет еткен (әрине көпшілігі өз еріктерімен емес) жерлестеріміз жөнінде өте аз мәліметтер білеміз. Түркістан легионы, М.Шоқай т.б. туралы 1968 жылы С.Шәкібаевтің «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітабы шығып, кейін 1972 жылы орыс тілінде жарық көрді. Тәуелсіздік жылдары Түркістан легионы жөнінде Амантай Кәкеннің «Түркістан легионы» (-Астана, 2000. - 96 бет) және филология ғылымдарының кандидаты, доцент Бақыт Садықованың «История Туркестанского легиона в документа» (- Алматы:Кайнар, 2002. - 248 с.) атты еңбектерін атап өтуге болады. Түркістан легионында болған атыраулық Ғайпен Бейісовтың «Тамұқтан өткен тағдыр» (-Алматы: «Өлке», 2002, 400 бет) атты деректі әңгіме кітабындағы басты тұлғалар екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі тарихтың «ақтаңдақтар» беттерінен ойып, өз орындарын алатын қайраткерлер екендігін кәрі тарихтың өзі дәлелдеп берді.

- Бұл жабық жатқан тақырып. Сәре, жуырда ашыла қоймас. Қызығып жүрген ешкім жоқ. Бәрін көтеруге жалғыз менің әлім жетпейді,- деген екен сонау тоқсаншы жылдардың басында марқұм Хасен Оралтай.

Ғайпен ақсақалға 2003 жылдың 10 желтоқсан күні Германиядан жазған хатында Х.Оралтай «Кітабыңызда тағы бір қомақты кітап жазылуын қажет ететін көп тарихи деректер берілген, тіпті бір емес екі кітапқа сия қоймайтын деректер баршылық. Ана Батыста біз тек Ағаев атын ғана білетін «Алаш қосындары» тақырыбы және Берлиндегі комитет төңірегі... неміс пен орыс мұрағаттары да кәдеге жаратыла отырылып зерттелсе, жалпы алғанда Түркістан, жекелегенде қазақ тарихының бір ақтаңдағы әйгіленген болар еді» деп жазды.

Қай заманда, қай елде болмасын опасыздықтың аты опасыздық, сатқындық болып қала береді.

Дегенмен де соғыс туралы ащы шындықты айтар болсақ, қоршауда қалып немесе жаралы күйінде тұтқынға түсіп, азап шеккендерді елемей кетуге болмайды. Соғыстың алғашқы кезеңінде кеңес жауынгерлері мындап қырылып, тірі қалғандары қоршауды бұзып өтіп партизандарға қосылды. Мұндай бақытқа қолы жетпегендер концлагерлерде азап шекті.

1944 жылдың мамырында Гурьев (Атырау) облыс аумағына түскен Ағаевтың диверсиялық тобы туралы республикалық баспасөз бетінде ең алғаш қалам тартқан «Ленинский смена» газетінің журналисі Геннадий Бочаров болатын. Газеттің 1963 жылғы 19 желтоқсан күнгі санында «Эти материалы публикуются впервые» айдарымен «Фашистский десант в Казахстане» деген мақала жарық көріпті.

Бір қызығы – мақаланы оқыған Қазақстан Жазушылар одағының Гурьев облысындағы бөлімшесінің бастығы, белгілі жазушы Берқайыр Аманшин болашақ фильмнің сценарийін жазу мақсатында «Ағаев ісі» құжаттарымен танысуға архив басшылығынан рұқсат сұрайды. Сол уақытта диверсанттар ісімен танысып, кітап жазуға дайындалып жүрген Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің қызметкері Серік Шәкібаев Аманшиннің бұған араласуын құп көрмеген. Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты еңбегі толымсыз мәліметтермен осылайша жарық көрді.

Егер Берқайыр Аманшин фильмнің сценарийін жазып шыққанда, «қызыл көздердің» өре түрегелетіні анық еді. Әрине, бұл – менің болжамым. Бірақ ақиқаты да осы. Себебі, диверсанттар ісімен танысқан жазушы сол кезеңдегі «қалыпқа сыймайтын» сценарий жазып шығуы бек мүмкін еді.

Соғыстан кейінгі 1946-1950 жылдардағы Түркістан легионына қатысты тергеу құжаттарында «Алаш» мектебі, «Алаш отряды» деген сөздер жиі кездеседі.

Герман – кеңес соғысы уақытында Германия астанасы Берлин қаласынан елу шақырым қашықтықта орналасқан Люккенвальде атты шағын қалада «Алаш» деген қазақ мектебі болғанын бүгінгі ұрпақ білмеуі де мүмкін. Соғыс уақытында бұл мектеп туралы өте құпия болғаны белгілі. Мектеп Люккенвальде қаласының терістік бет шетінде ағаш барақтарда орналасқан. Мектеп 1943 жылы салынды. Бұл мектептің негізгі міндеті – Батыс Қазақстанның Атырау өлкесіндегі қара алтын – мұнай шығып, өндіріп жатқан, шығайын деп іске қосылып, берілгелі тұрған кенорындарын істен шығару. Қопарып, жарып, өртеп, өнім беруге кесел келтіру. Сұрапыл соғыс жылдары мұнай Кеңес Одағы үшін стратегиялық маңызы аса зор өнім болатын. Сонымен бірге Кіші жүз, оның ішінде Маңғыстау түбегіндегі жергілікті қалың адай тайпасын көтеріліске дайындап, Кеңес үкіметінің күшін әлсіретуге халықты үгіттеу.

«Алаш» мектебі ОКВ 4-РСХА (Оберкоманда Вермахтың барлау тобының 4-бөлімі) жетекшілік етуші фон Ганний Грайф. Оның көмекшісі, неміс армиясының обер-лейтенанты Әлихан Ағаев. Өзінің азан шақырып қойған ныспысы – Әмірхан Тілеумағамбетов. Туған жері – Атырау облысының Қызылқоға өңірі. Армияға шақырылғанға дейінгі жұмыс орны – Алматы қаласы. Қызыл Армияның кавалериялық (атты әскер) взводының командирі, лейтенант Тілеумағамбетов 1941 жылы 17 қараша күні Москва түбіндегі шайқаста немістердің тұтқынына түскен. Бұл мәліметтер неміс тұтқынына түскенде толтырылған карточкада анық жазылған. Немістер өте ұқыпты халық қой, карточкада Әмірханның туған жылы мен күні, туған жері, мамандығы – агроном, Қызыл Армиядағы әскери бөлімі, тұтқынға түскен кезде денсаулығының жақсы екенін, көзінің түсі мен әкесінің есім-сойын, үйінің мекен-жайын, жанқалтасындағы тиын-тебеніне дейін тәптештеп жазып қойған.

Түркістан легионында қызмет еткен Ә.Ағаев ОКВ-ның сеніміне кірген соң, 1944 жылы әдейі «Алаш» деген атты сұрап алған. Әлихан Ағаев Германиядағы жалған аты. 1943 жылы Италия жеріне барғанда, 1944 жылы Гурьев (Атырау) аумағына түскенде Иранов болып келген. Өзінің ата-анасының азан шақырып қойған аты Әмірхан Тілеумағамбетов.



Тлеумагамбетов Амирхан (1939)

Сурет 1 - Әмірхан Тілеумағамбетов (жалған есім сойы Әлихан Ағаев) (1908-1944)

Туған жері Атырау облысының Қызылқоға өңірі. Білімі жоғары. 1930 жылдары Гурьев облысы, Жылыой ауданы жер қатынастары бөлімінде агроном болып қызмет атқарды. Армияға шақырылғанға дейінгі жұмыс орны – Алматы қаласы. Вермахтының Жоғарғы Бас командованиесінің Түркістан насихат бөлімінің әскери фототілшісі болып қызмет атқарған Ғайпен Бейісов (1921-2007) Ә.Ағаевпен кездесіп дәмдес, болған. Ол «Әлихан Ағаев орта бойылыдан биіктеу, артық біткен ет жоқ, қанжардай қатқан кеуделі, әскери адам. Әскери форма жарасады екен. Кісіге қарағанда дөңгелек үлкен көзі өңменіңнен өтіп, тінте қарайды екен. Жалпы қазақтың көзінің көпшілігі қара көз, қой көз, ептеп көк көздер де кездесіп қалады ғой. Бұл кісінің көзі қызғылт па деп қалдым. Бет алдында артық ет бітпегендікі ме, бет әлпеті соқпақша, ақ сұр көрінді. Қыр мұрын. Тек ауызы үлкендеу ме деп қалдым. Күлгенде екі бетінің шұқыры көрініп қалып отырды. Басқа көзге көрініп тұрған белгісі байқалмады. Шылым тартатынын білмедім. Менімен бірге отырғанда шылым шеккенін көрген емеспін. Өзі, аз сөйлеп, көп тыңдағанды ұнататын болса керек», - деп сипаттайды. Ал Ағаевтың «Алаш» отрядында болған Новобогат (қазіргі Исатай) ауданына қарасты Манаш ауылының тұрғыны Жәрдем Бекмағамбетов (1920-2017) «Ағаев сұмдық қатыгез адам болатұғын. Тәртіп бұзғандарға мейірімсіз, рақымы болмайтын. Менің білетінім, құралайды көздемей тигізетін мерген еді», - дейді. Ал орынбасары болған Бақи Бисемалиев (Бом Бақи) «Асылы, ағамыз жаман адам емес. Тек тәртіпті өте қатаң ұстайды. Кейде онысы дұрыс болса, кейде бұрыс болып жатады», - деп айтқан.

Люккенвальде «Алаш» мектебінде диверсиялық топтарға бірінші, тактикалық сабақтар (карта, компос пайдалана білу) – 22 сағат, екінші, сапқа жүру дайындығы – 33 сағат, үшінші, жарылғыштарды пайдалану ісі – 11 сағат, төртінші қазақ тілі шрифтісін оқу ісі – 22 сағат оқытылған. Барлық сабақтарды неміс әскерилері жүргізген. 1946 жылдың ақпанында тұтқындалған, диверсиялық топта оқыған Жәрдем Баймағамбетовтың тергеушіге берген жауабында тактикалық және сапқа жүру дайындығы сабақтарын неміс армиясының 30 жас шамасындағы, орыс тілін нашар білетін фельдфебель, жарылғыштарды пайдалану ісі бойынша орыс тілінде нашар сөйлейтін 40 жастағы унтерофицер, қазақ тілі шрифтісін оқу ісі бойынша 45 жастағы, орыс тілін еркін меңгерген оберсфрейтор сабақ бергендігін айтады.

Ғ.Бейісовтың жазуынша «Алаш» мектебінде небәрі 60 жігіт оқыған. Оларға 13 неміс нұсқаушылары сабақ берген. «Алаш» мектебі ірілі-уақты 6 барақтан тұрды. Ортасында спорт алаңы бар.

1943 жылдың желтоқсанында Түркістан легионына келген Ә.Ағаев 20 қазақты іріктеп алып әр біреуімен жеке сөйлесіп, 13 адамды диверсиялық мектепке таңдап алды. Соның ішінде Ж.Бекмағамбетовте болады. Мектепті бітірген соң «Алаш» отрядын екі қатар сапқа тұрғызып, неміс армиясы тарапынан доктор фон Ганий Грайф пен обер-лейтенант Ә.Ағаев сөз сөйлейді.

Бірінші болып немісше сөйлеген Грайфтан соң Ә.Ағаев қазақша сөйлеп, екеуінің де сөздері бір арнаға тоғысып жатты, яғни Германияға адал қызмет етуді, Түркістанды большевиктерден азат ету жолында аянбай, бар-күш жігерлерін сарып етуге жұмсау керектігін айтты. «Алаш» қосынының сарбаздарына арнап сөйлеген сөзінде Ә.Ағаев: «Біз бұдан былайғы жерде Түркістан легионының құрамында емеспіз. Біз бөлек әскери қазақ тобы болып саналамыз. Біз Германия үшін 600 грамм нанға бола соғысатын Түркістан легионерлері сияқты емеспіз, біздің міндетіміз – Кеңес Одағының тылында күрес жүргізіп, қазақ халқын Кеңес өкіметінің бұғауынан босатып, Қазақстанда тәуелсіз мемлекет құру. Сондықтан, біздің қосынның атауы – «Алаш». Түркістан легионынан айырмашылығымыз – Қазақстанда бұрын болған «Алаш» партиясының символ-эмблемасын тағуымыз, - деген. «Алаш» қосынының сарбаздары әскери тәртіп бойынша бір-бірімен «Алаш» деп сәлемдескен. Қосынға «Алаш» туын Құрбан айт мерекесіне орайластырып тапсыруының да өзіндік мәні бар деген ойдамыз.

Мектепті бітіруші легионерлерге «Алаш» деген жазуы бар белгілерді тапсырған. 1946 жылдың 2 сәуір күнгі тергеушінің «Сіз қызмет еткен әскери бөлім қалай аталды, «Алаш» отрядының қандай әскери айырым белгілері болды» деген сұрағына берген жауабында Ж.Бекмағамбетов «Алаш» отрядында болған әрбір жауынгерге 4 сантиметрдей көк түсті материалдан жасалған 5 жұлдызды айы бар ерекшелік белгісі берілді. Сонымен бірге ерекше көк түсті екі жағы да дөңгелек пагон қоса берілген. Отрядтың барлық топтарына сары түсті материалдан жасалған диаметрі 80+40 болатын, ірі әріптермен «Алаш» деп жазылған ту берілді деп жауап берді. Сары түсті тудың ортасында жасыл жіппен көмкерілген ромб белгісі, оның ішінде ақ жіппен жұлдызды жарты ай, садақ пен жебе және араб ғаріпімен «Алаш» сөзі жазылған. Ж. Бекмағамбетов Әлихан Ағаев туралы есіне алғанда «Ағаев отряды екі бөлімнен тұрды. Біріншісі жұмыс істемейтін тек оқитын, өздері бөлек әскери жұмыстарымен айналысады. Мен осының екінші тобында болдым. Мені Ағаев Италия жерінде тұрғанда апарды. Бірінші топтың не істейтіндерін білмеуімен кеттім. Біздер соғыс біткенде одақтастардың қолына түстік. Бізді елге қайтарды. Мен Ағаевтардың Құлсары маңына түскенін елге келіп естідім. Ол жақта олардың қайда кеткенін біздерге білдірген жоқ», - деп еске алады.

1944 жылы Герман командованияесі өздерінің жымысқы саясатын ешкімге сездірмеу үшін «Алаш» отрядын Италияға жіберіп, олар сол елдің солтүстік-шығысындағы Тольмеццо қаласында көпірлер мен әскери қоймаларды күзеткен. Италия партизандарына қарсы ұрыс қимылдарына да қатынасты.

Серік Шәкібаев өз кітабында «Алаш» туы, 3 мың дана листовка (үнпарақ) туралы айтқанмен, оның мазмұны туралы жақ ашпайды. Өйткені, ол үнпарақта: «1931-1933 жылдары Кеңес өкіметі 3 миллионға жуық қазақты аштан қырды. Халықтың 40 пайызы өлім құшып, ит пен сарышұнақ жеді. Ол күндерді бірде-бір қазақ ұмытпайды. Жаңа халық жасасын!», – деп жазылған еді. Ашығы – осы. Ал,

Әмірхан 1931-1932 жылдардағы елдегі алапат аштықты, тігерге тұяғы жоқ, таяғын ұстап қалған шаруаны көзімен көріп, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргінді көкірегіне түйді. Осының бәрі жүрегіне шемен болып қатты деуге болады.

Легиондағылардың көпшілігі «Алаш», «Алашорда» туралы түсінікті білмегені де рас. Себебі, оған дейін қолжетімді болған мәліметтерді Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің бұрынғы хандар, сұлтандар мен Алашорда өкіметінің басшылары мен жақтастары, белсенді қайраткерлерінің архивтік құжаттарын Орталық өлкелік архивке тапсыру туралы 1928 жылғы арнайы қаулысымен құпияландырылған еді. Вермахт басшылығын сендіре біліп әрі мойындатып, «Алаш» қосынын құру оңай шаруа емесі белгілі. Ондай қосынды Түркістан Комитетінде саны жағынан қазақтардан да басым болған өзбектер де, одан басқа қырғыз, түркімен, тәжіктер де құра алған жоқ. Ал, Әлихан Ағаевтың аюдай ақырған Гитлерге, қала берді немістердің өздері өлердей қорқатын гестапоға «Алаш» идеясы жолындағы ісі мен сөзін дәлелдей білуі оның ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары болғанын көрсетсе керек.

**Personalkarte I: Personelle Angaben**

1 2 Ағаев 7 Ахмед 13 Алиханов 24 25

Verpflichtung der Gefangenenskarte: Nr. 5664 Lager: 5064

Kriegsgefangenen-Stammlager: III 9

Name: Ағаев Ахмед Staatsangehörigkeit: Russie (Kaukasien)

Vorname: Ахмед Dienstgrad: Leutnant 2. 10

Geburtsort und -tag: 25.3.1908 Geburtsort: Ташкент

Religion: Mos. Religion Wehrdienst: 51 Reg. 44. Div. 1. Komp. 11. Btl.

Vorname des Vaters: Ахмед Wehrdienst: 1. 10

Familienname der Mutter: Алиханов Ob gefund., krank, verwundet eingeleitet: 9. 10. 36

**Äußere Personalbeschreibung**

Wohnter Kriegsschein: Камен-Беген

Name und Wohnort der zu beauftragenden Person in der Heimat des Kriegsgefangenen: Алиханов, Бокунская 62

Алиханов Ахмед Сулейманович

Алиханов

(отец)

24 Februar 29 Februar  
13 Rubel 42 Kop. 15 Rubel 42 Kop.

Ағаев Ахмед  
Алиханов, Бокунская 62  
Алиханов Ахмед Сулейманович  
Алиханов  
(отец)

Сурет 2 - Немістердің Ә.Ағаевқа толтырған карточкасы

Атышулы Ағаевтың күнделігін оқыдық, онда «көз шығарып, бас жаратындай» ештеңе де жоқ. «Алаш» отрядын құруды 1942 жылдан бастап ойластырғанын, Түркістан легионынан қазақ легионын бөлу, легионерлерге әскери бұйырықтарды қазақша беру және оның қазақша сөздігін жасақтағаны, Түркістан Ұлттық комитеті құрамынан бөлек қазақ комитетін құру, Түркістан Ұлттық комитетінің басшысы Вали Каюмханға комитетке қарасты газетжурналдарды 80 пайыз қазақша шығаруға, жұмыс барысымен әртүрлі қалаларда іссапарда болғанын және өз ойларын туралы күнделігіне түсіріп отырған.

1944 жылдың мамыр айының басында Бухарест арқылы Атырау жеріне Ә. Иранов Ағаев тобы екі бөлініп, екі рет ұшақпен келіп түседі. Сол 12 (негізі 14 адам) адамның тізімін Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің (КГБ) полковнигі С.Шәкібаев кезіндегі Гурьев (Атырау) облыстық газетіне жариялаған. Олар:

1. Әлихан Ағаев
2. Бом Бақи (Бисеналиев) – Ағаевтың орынбасары. Туған жері Астрахан облысы, Құмөзек ауданы. Біреудің жалғыз баласы. Қызыл Армияның бұрынғы офицері. 1917 жылы туған. Орыс, татар, қалмақ тілдерін сауатты меңгерген.
3. Әбдіқадыр Әлижанов
4. Оспанов
5. Қалжан Төлегенов
6. Кеңесбай Керимбердиев
7. Матай Омаров
8. Сәтмағамбет Оразов
9. Мұхатаев – радист. Батыс Қазақстан облысы, Ілбішін ауылының тумасы.
10. Жарас Бастаубаев
11. Садық Қалиев
12. Созақбай Құттыбаев Маңғыстау ауданы, Жиделі ауылынан. Қазан университетінің математика факультетінде оқыған. Таушық елді мекенінде мектеп директоры болған. Бұлардың барлығы «Алаш» қосынының сарбаздры.

Жалпы алғанда, екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түскен қазақстандықтардың және легионерлердің ісі түгелімен қайта қаралып, тек тұтқын ретінде априорлық шешімге бағыт ұстамай, ізгілікті қадам жасалуы тиіс. Сол зұлмат кезеңнен бері 80 жылдай уақыт өтті, заман өзгерді, қазақтың өз тағдырын өзі шешуі керектігі жөнінде тәуелсіз ой-пікір қалыптасты.

Сталиндік жүйенің қатыгездіктерінен үзілді-кесілді арылу – демократиялық қоғам құрудың басты шарттарының бірі. Осыны түсінген Ресей Федерациясы, Украина, Белорусь елдері соғыс тұтқындарын ақтау жұмыстарын кең көлемде жүргізді.

Қазіргі жағдайда оларға, яғни марқұмдарға ақтаудың да, даттаудың да керегі бола қоймас. Бірақ олар жөнінде жасалған адамгершілік іс-шаралар бүгінгі ұрпақтары, туыстары үшін қажет. Қазақ халқының тұтастығы мен болашақ үшін керек.

... Сонымен соғыс жылдарындағы «Алаш» отряды туралы ақиқат пен аңызының қысқаша тарихы осындай. Уақытында испан прозаигі, философ Б.Грасиан «Жалған сөйлеме, ақиқатты түгел айтудың да қажеті шамалы» деген екен...

**Табулденов Алибек Нурмагамбетович,**  
директор Института экономики и права им. П. Чужина  
Костанайского регионального университета им. А.  
Байтурсынова, кандидат исторических наук,  
подполковник полиции запаса

## **О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ДЕПОРТАЦИИ НАРОДОВ В КОСТАНАЙСКУЮ ОБЛАСТЬ В 1930-1950-Х ГГ.**

### **И РАБОТЫ ПО РЕАБИЛИТАЦИИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ**

Полиэтнический и мультикультурный облик Северного Казахстана формировался на протяжении нескольких столетий. Значительное влияние на его развитие в XX веке оказали депортации репрессированных народов в 30-50-е годы XX века.

Процесс депортации представляет собой одну из специфических форм или разновидностей политических репрессий[1, с. 125]. Они являлись своеобразной формой учёта и принуждения государством его политических противников. Одновременно с местом жительства представители «наказанных народов» лишались своей автономии, относительной национальной государственности[2, с. 33].

Официальной версией применения тотальных депортаций являлось или возмездие за совершенное ими «предательство», или избавление их от соблазна его совершения. Собственно говоря, превентивные депортации - это наказание даже не за потенциальное предательство, а за «принадлежность к национальности, с зарубежными соплеменниками которой ведётся или может вестись война».

По мнению казахстанских ученых Б.О. Жангуттина и Е.М. Грибановой, репрессивная политика по отношению к ряду этнических групп – следствие страха сталинского руководства перед возможностью использования



представителей этих народов в качестве агентуры вражеской разведки и перехода их на сторону противника в случае начала военных действий

По решениям высшего партийно-государственного руководства СССР депортации подверглись 11 народов (немцы, поляки, калмыки, карачаевцы, балкарцы, ингуши, чеченцы, крымские татары, корейцы, греки, финны), а 48 народов – депортированы частично. Территория Казахстана, наряду с Сибирью, Уралом и другими регионами была избрана местом ссылки для миллионов человек.

Всего в Казахстан в 30-40-х годах было депортировано около 800 тысяч немцев, 18,5 тысяч корейских семей, 102 тысяч поляков, 507 тысяч чеченцев, ингушей, карачаевцев и других народов. Из западных республик и областей СССР было эвакуировано почти 300 тысяч евреев [3, с. 39, 40].

*Весной 1936 года с пограничных районов Украинской ССР было выселено 36 тысяч поляков, весной 1940 г. и в начале 1941 г. из Западной Белоруссии и Западной Украины депортировано еще около 60 тысяч, в 1942 г. переселены 2000 человек из Саратовской области.*

В Северном Казахстане насчитывалось около 50 тысяч поляков, из них в Кустанайской – 8705 человек [4, с. 128, 186]. В Кустанайской области поляки были размещены, преимущественно в Мендыгаринском, Орджоникидзеvском, Семиозерном, Урицком, Тарановском, Федоровском районах.

Одним из этносов, подвергшимся тотальной депортации в Казахстан в конце 30-х гг. XX века, стали корейцы.

Численность корейцев, размещенных в Кустанайской области, составила 877 семей. В результате миграции корейцев в южные области, их численность на севере значительно сократилась. В Кустанайской области осталось 992 хозяйства. В 1939 г. в области насчитывалось 1090 корейских хозяйств, размещенных в двух колхозах «Самир» и «5-е декабря» [5, с. 46].

В декабре 1937 г. депортации подверглись греки Грузии, Крыма, Приазовья, Кубани.

Одним из регионов размещения греков в Северном Казахстане стала Кустанайская область. Здесь их расселили в Комсомольском, Семиозерном, Федоровском, Урицком районах, г. Кустанай. В годы войны в области проживало 107 греков. [6, л. 1].

В октябре 1938 г. насильственным переселениям подверглись иранцы из пограничных районов Азербайджанской ССР, Туркменистана, Грузии, Армении [7, л. 1]. Почти все колхозы с иранским населением были размещены в Северо-Казахстанской и Павлодарской областях. Нами выявлены иранцы, размещенные в Кустанайской области.

В 1937-1939 гг. в Казахстан были переселены азербайджанцы, турки, ассирийцы, армяне. В ноябре-декабре 1937 г. в Казахстан прибыли курды, жившие на пограничной полосе с Турцией в Азербайджане и Армении. Летом

1940 г. депортации охватили Прибалтику, Бессарабию и Северную Буковину. В Прибалтике и Молдавии депортация «антисоветских элементов» началась в конце мая 1941 г. Часть населения предполагалось разместить в Казахстане, из них в Кустанайской области - около 2 тысяч человек [8, с. 10].

В Кустанайскую область также были депортированы немцы.

По переписи 1939 г. в республике проживали 92 571 немец, из них в Кустанайской области - 9 794 немцев [9, с. 132].

28 августа 1941 года вышел Указ Президиума Верховного Совета СССР «О переселении немцев, проживавших в районах Поволжья». В этот же день СНК СССР и ЦК ВКП (б) приняли постановление «О переселении всех немцев из республики немцев Поволжья, Саратовской и Сталинградской областей в другие края области». Одновременно объявлялись указы о переселении немцев из Мурманской, Московской, Краснодарской областей, Ленинграда, Грузинской, Азербайджанской, Армянской ССР и других регионов [9, с. 132].

Значительная часть депортированного немецкого населения была направлена в Казахстан. Основная часть немцев, по аналогии с польским населением, была размещена в Акмолинской, Кустанайской, Павлодарской, Северо-Казахстанской областях.

По состоянию на 1941-1942 гг. в Северном Казахстане насчитывалось 243 211 немцев, из них в Кустанайской области – 64 964 человек [9, с. 132].

Осенью 1943 года депортации подверглись 2,2 тысячи калмыков. Небольшая часть калмыков была направлена в Казахстан и расселена на севере республики. В Кустанайской области на спецучете в этот период находились 20 калмыков.

29 января 1944 г. была утверждена «Инструкция о порядке проведения выселения чеченцев и ингушей». 31 января ГКО издал Постановление «О мероприятиях по размещению спецпереселенцев в пределах Казахской и Киргизской ССР» [10, с. 33].

Большинство вайнахов было направлено в Казахстан (239 768 чеченцев и 78470 ингушей). Из них в Северном Казахстане были размещены 186 904 человека: в СевероКазахстанской - 39 021 человек, Кустанайской - 45 768 человек, Павлодарской - 42 127 человек, Акмолинской областях - 59 988 человек [10, с. 41].

Следует отметить, что чеченцы и ингуши являлись наиболее многочисленной депортированной группой, проживавшей в Казахстане, северных областях и Кустанайской области в частности, к середине 40-х годов.

Подводя итоги, следует отметить, что влияние депортационного фактора на этнодемографическое развитие Северного Казахстана и республики в целом в 30-40-х гг. XX века было значительно. В первую очередь, увеличилась общая численность населения Казахстана и северных его областей. В стране появились «новые» этносы.

Только за 1937-1939 гг. численность населения республики выросла почти на один миллион человек. Наибольший абсолютный и относительный прирост за два года дали русские – 531 тысяча человек (28 %), казахи – 132 тысячи человек (6,1 %), украинцы – 106,8 тысяч человек (19,4 %), немцы – 118 тысяч человек (14 %), татары – 148 тысяч человек (16 %), узбеки уменьшились на 6,7 тысяч человек [9, с. 379].

По переписи 1939 г. в Казахстане проживало 6 081 тысяча человек, при этом Северный Казахстан в этот период являлся одним из населенных в республике. Здесь проживали 1 610 696 человек.

Численность населения Кустанайской области с 1938 по 1939 годы увеличилась в основном за счет механического прироста с 332 500 до 371 751 (372 010) человек. За два года (1938-1940 гг.) оно возросло почти на 60 тысяч человек, что было обусловлено размещением депортированного населения [11, л. 1].

В результате активных миграционных процессов в 1938-1940 гг. население Казахстана возросло на 5,4 %. В четырех северных областях республики из восьми этот средний прирост был превышен: по Северо-Казахстанской области – 5,5 %, Акмолинской – 6,5 %, Кустанайской – 7,3 %, Павлодарской – 9,3 % [12, с. 81]. Численность депортированных этносов в Северном Казахстане была следующей:

Акмолинская область – 105 780 человек (9281 семья), Кустанайская – 73 483 (19 838), Кокчетавская – 102 511 (27 936), Павлодарская – 60 841 (16 722), Северо-Казахстанская – 43 246 (11 720). [13, с. 52].

К 1 января 1953 г. в Казахстане находилось 988 373 спецпоселенца, что составило почти 36 % от общей численности спецпоселенцев СССР [14, с. 68].

Уже к концу года их численность перешагнула миллионный рубеж и составила 1 013 610 человек, из них 1 000 814 спецпоселенцев, 9646 ссыльно-переселенцев, 2132 ссыльных и других. [15, с. 8, 212].

В Северном Казахстане численность спецпереселенцев составляла 215 726 человек, из них: в Кокчетавской - 91 634, Северо-Казахстанской - 45 314, Кустанайской области - 78 778 [9, с. 136].

По данным переписи 1959 г. в Северном Казахстане проживали представители более 30 национальностей. По составу этнической мозаики Северный Казахстан «уступал» лишь Южному региону.

В частности, по количеству курдов, армян и тюрков Северо-Казахстанская область в 1938 г. являлась своеобразным лидером, а по общему количеству семей корейцев, иранцев, курдов, армян и тюрков область находилась на втором месте в Казахстане после КзылОрдинской области.

Немцы стали преобладать в Кустанайской (78 709), Кокчетавской (67 981) областях, азербайджанцы на севере республики были зафиксированы в Кустанайской (504) и СевероКазахстанской областях (162) - 666 человек (1,8 %).

Местами компактного проживания корейского населения в Кустанайской области являлись Кустанайский, Затобольский, Федоровский, Мендыгаринский, Орджоникидзевский, Джетыгаринский, Семиозерный, Убаганский, Урицкий, Тургайский районы, а также г. Кустанай.

Таким образом, почти половина депортированного в Казахстан населения в предвоенные и военные годы была размещена и в последующем проживала в северных областях республики.

В Северном Казахстане были размещены в основном корейцы, поляки, немцы, чеченцы, ингуши, кабардинцы, балкарцы, иранцы и другие народы. О значительной доле спецконтингента в северном регионе свидетельствовали населенные пункты, в основной своей массе состоявшие из спецпереселенцев.

В результате депортации народов, миграционных процессов в Северном Казахстане возросла плотность населения, увеличилась численность народов, проживавших ранее, что в дальнейшем способствовало большей полиэтничности северного региона.

Депортированные этносы вместе с местным населением, эвакуированными, внесли весомый вклад в Победу СССР в Великой Отечественной войне, восстановлении инфраструктуры страны в послевоенное время.

Депортации народов, активные миграционные процессы в 1937-1956 годах способствовали значительной трансформации социально-экономической, этнодемографической, культурной картины Северного Казахстана. Межнациональные отношения, взаимопомощь, согласие стали залогом успешной созидательной деятельности.

24 ноября 2020 года Глава государства Касым-Жомарт Токаев подписал Указ «О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий». Постановлением акимата Костанайской области от 5 января 2021 года № 24 создана областная комиссия.

В деятельности рабочей группы по сбору и изучению дополнительных данных по нереабилитированным жертвам-казахстанцам, представителям депортированных народов, в рамках областной комиссии по реабилитации жертв политических репрессий, следует выделить следующие аспекты:

1. Изучены нормативные документы, регламентирующие процесс реабилитации жертв политических репрессий, а также научная и справочная литература по данной проблеме.

2. Осуществляется работа с архивными документами в Государственном архиве г. Костанай и Костанайской области.

3. В рамках работы с архивными документами в Государственном архиве г. Костанай, городских, районных и региональных архивов Костанайской области – г.г. Лисаковск, Джетыгара, Аулиекольский, Денисовский, Карабалыкский, Мендыгаринский, Сарыкольский, Узынкольский, Федоровский районы изучены новые документы по особенностям депортации народов и их размещения в Костанайской области в 1930-1950-х годах.

4. Новые документы, содержащие сведения о динамике численности депортированных народов в Костанайской области в 1930-1950-х годах (рождаемости, заключении браков, смертности), обнаружены членами рабочей группы в ходе поисковой работы в отделах ЗАГС районов области.

5. В процессе работы по выявлению депортированных групп населения в архивах области обнаружены и исследованы множество дел, на основе которых постепенно формируется база по таким критериям: национальность, численность, половозрастной состав, населенные пункты их компактного расселения, профессиональная структура, социальная характеристика и экономический статус.

6. Представители депортированных и ссыльных групп населения функционировали в народнохозяйственном комплексе Костанайской области. Большая часть по факту переселения функционировала в аграрной сфере. Некоторые из них по причине наличия высокой квалификации продолжили свою профессиональную деятельность по ряду направлений в качестве специалистов.

7. В этот период у представителей этих групп населения формировались корпоративные связи, которые проявились в формировании системы постоянных поисков родственников, составлении коллективных ходатайств к официальным структурам с целью защиты собственных прав и интересов, организации взаимопомощи.

8. В источниках периодически встречается информация о фактах награждения и поощрения представителей исследуемых групп населения по итогам их деятельности. Соответствующий малоисследованный исторический сюжет требует детального изучения.

9. Управлением Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры по Костанайской области завершена полная инвентаризация личных дел спецпереселенцев и ссыльных. Всего инвентаризировано 34 843 дела и 66 940 алфавитных карточек. К концу 2021 года инвентаризированные личные дела были рассекречены.

Осуществляется работа с архивными документами (личными делами и алфавитными карточками) в архиве Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры по Костанайской области.

По итогам изучения и анализа личных дел вышеуказанных категорий населения формируется электронная база данных.

10. Данные цифры обуславливают необходимость продолжения исследовательской деятельности по выявлению, изучению и анализу личных дел, персоналий, выявлению новых исторических фактов и событий и введению их в научный оборот, объективной оценки персоналий жертв политических репрессий с целью их последующей реабилитации.

11. Осуществлены выступления:

- 6 октября 2021 года - на республиканском семинаре в онлайн формате с докладом «О некоторых аспектах депортаций народов в Кустанайскую область в 1930-1950-х гг. и работе по реабилитации жертв политических репрессий».

- 15 октября 2021 года - на круглом столе с участием депутата Парламента Республики Казахстан доктора исторических наук, профессора Серика Абдигалиулы с докладом «О некоторых аспектах депортаций народов в Кустанайскую область в 1930-1950-х гг. и работе по реабилитации жертв политических репрессий».

12. 21 октября 2021 года состоялось выступление на телеканале «КазахстанКостанай» по теме политических репрессий и депортации народов в Кустанайскую область.

13. По итогам интервью опубликованы две статьи в средствах массовой информации:

- «Вернуть Истории добрые имена» // Костанайские новости. – 7 октября 2021 года. – С. 12.

- «Реконструировать картину тех лет» // Костанай Агро. – № 41 (606). – 4 ноября 2021 года. – С. 10.

14. По итогам проведенной исследовательской работы в конце 2021 года опубликована коллективная монография «Репрессии и депортации на территории Костанайской области в 1920-1940-е годы» (Айтмухамбетов А.А., Исмаилов С.С., Табулденов А.Н., Наурызбаева Э.К. Репрессии и депортации на территории Костанайской области в 1920-1940-е годы. Монография. - Актобе: «Арт полиграфия», 2021. – 104 с.).

15. Исходя из результатов проведенной поисковой работы возникает вопрос о необходимости разъяснения для ученых четкого алгоритма (механизма) реабилитации жертв политических репрессий.

16. Процесс передачи рассекреченных архивных документов (личных дел) по истории депортации народов из региональных спецархивов в республиканский, затруднит и существенно ограничит поисковую работу региональных исследователей, скажется на результативности проводимой работы.

#### **Список использованных источников:**

1. Записка Комиссии Политбюро ЦК КПСС по дополнительному изучению материалов, связанных с репрессиями, имевшими место в период 30-

Работая с архивными документами, было замечено, что в 1928 годы баев не только конфисковали, но и с семьей переселяли в другие округа. Таким образом, баев с Костанайского округа переселяли в Семейский округ.

В секретной докладной записки Кустанайского ОК ВКП (б) от 19 октября 1928 года «О ходе конфискации крупных баев-полуфеодалов и ее предварительных итогах» комиссия по конфискации должна была начаться 20 числа сентября [3]. Кроме того, в каждый район был направлен по одному дополнительному уполномоченному для проведения практической работы по конфискации. Несмотря на все это, на некоторых участках практическая работа началась значительно позже сроков, указанных в указе. Это было связано с задержками в подготовке, в частности регистрации скота и имущества, подлежащего конфискации.

Так же, 15 сентября, были окончательно утверждены и опубликованы в газетах «Ауыл» и «Степной Крестьянин» списки баев, подлежащих по декрету от 27 августа 1928 года к выселению и конфискации.

В этот список вошли 55 баев проживавшие в 9 районах Костанайского округа:

Тургайский район – 5 человек, Джетыгаринский район – 11 человек, Наурузымский район – 5 человек, Убаганский район – 12 человек, Аманкарагайский район – 6 человек, Мендыгаринский район – 7 человек, Карабалыкский район – 2 человек, Каинды-Кумакский район – 3 человек, Батпаккаринский район – 4 человек [4].

Помимо баев с кулаками к конфискации и выселению подверглись бывшие волостные управители. В ОБЩЕМ ИХ НАСЧИТЫВАЛОСЬ 11 ЧЕЛОВЕК. В данную категорию входили следующие лица:

Таблица 1 - Бывшие волостные управители



Район	№аула	Ф.И.О.
Тургайский	№4	ДауренбековЖакуп
Джетыгаринский	№11	ИткеевАсип
	№5	МинайдаровСеит
	№15	Жаксыбаев Беркимбай
	№8	ИсмаиловУмар
	№14	КстаумуратовАбдрахман
Мендыгаринский	№5(№1)	ТашеновУразбай
	№2	ДарменовТокуш
	№8	МурзинБабакай
Карабалыкский	№7	ЯманчаловСейткали
	№10	АлдияровБермухамед

ТОТ ФАКТ, ЧТО ЭТИ ГРАЖДАНЕ ВО ВРЕМЯ ЦАРСКОГО ПРАВЛЕНИЯ входили в управленческую структуру и являлись руководителями волостей был достаточен для того, чтобы они вместе с семьями подверглись РЕПРЕССИЯМ СО СТОРОНЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ.

В одном из найденных в архиве документов был указан список конфискованных баев, в их числе были: Джексымбаев Беркымбай, Зейнуллин Курганбай, Дауренбеков Джакуп, Караулов Джаксым, Альдияров Абубакир, Исабаев Кубек, Уразалин Омар и многие другие.

В общем, было рассмотрено 38 заявлений, на основе которых были выявлены 41 граждан попавшие под конфискацию. И, в частности, они были не только баи, но и бывшие руководители волостей и аулов, сторонники и члены Алашординцев. Например, Дауренбеков Джакуп был конфискован по второй категории, и причиной этому было не только то, что он был волуправителем, а тем что был во время революции на стороне Алашординцев и поддерживал с ними связь [5].

Среди конфискованных были сын миллионера Яманчалов Сейткали, хаджи братья Кошпановы и др. Так же, был конфискован Мякишев Ешмагасибет который, был крупным баям, при царизме был переводчиком. Действительно, любое сотрудничество этих лиц в прошлом с царским правительством в советское время становилось основанием для репрессий.

Против проводимой политики власти баи применяли мирные меры, такие как угон скота за границу, продажа скота и имущества, переезд за пределы округа или страны. Например, Ешмагасибет Акышев подлежал к выселению с Костанайского округа в Петропавловский округ. Но чтобы избежать наказания

он переехал в Ламатинский район Курганского округа. А советская власть применяла против них репрессивные меры.

В Костанайском округе помимо казахов проживали другие этносы. В частности, европейское население проживало в Федоровском районе. С лета 1929 г. значительно возросло налогообложение кулаков. По закону кулаков осуждали и штрафовали за несвоевременную уплату налогов. Имущество должников было конфисковано и продано путем торга.

Помимо штрафов практиковались различные изъятия, иные действия насильственного характера по отношению к лицам, которые имели достаточное количество скота, земли, недвижимого имущества. В акте изъятия скота и иного имущества у кулацких хозяйств Банновского сельского совета были указаны следующие имена: Казыдуб Павел, Пономарев Тимофей, Василенко Иван С., Попко Иван, Шевченко Карп, Птушко.

При рассмотрении списков кулаков было выяснено, что применяемые меры ликвидации их как класса применялись следующие меры: лишение избирательных прав, арест, лишение свободы, наложение штрафа, изъятие и конфискация имущества, и принудительное выселение.

Например, Андриянов Яков имел 16 га земли и 29 голов крупного скота, за что платил налог в размере 300 рублей. В 1929 году его оштрафовали, вследствие чего был конфискован. А 1927 году был лишен избирательных прав. После конфискации имел судимость за то, что выступал против Советской власти. Помимо судимости, ему дали запрет на въезд на территорию Костанайского округа на 5 лет вместе с членами семьи.

На основе отчета от 20 февраля 1929 года, было выяснено, что некоторые председатели сельских советов, районных и окружных комиссий и другие лица отказывались применять репрессивные меры против баев и кулаков, что привело к тому, что их самих взяли под арест и судили. По таким причинам были взяты под арест 21 человек [6]. Такие случаи встречались в даже 1928 году. Например, дело одного из председателей сельсовета Кайынды-Кумакского района было направлено в суд [5, с. 37].

К концу 1929 года правительство постепенно начало переходить к политике ликвидации баев и кулаков как класса. А переход к ликвидации юридически был оформлен с 1 февраля 1930 года декретом ЦИК СССР и СНК СССР «О мерах по усилению социалистического преобразования сельского хозяйства в районах массовой коллективизации и борьба с кулачеством». Согласно декрету, в районах массовой коллективизации, а в других районах по мере массовой развертывания коллективизации в срочном порядке требовались следующие меры: отмена земельного закона, ограничение аренды и использования наемного труда в сельском хозяйстве по отношению к личным хозяйствам, захват сельскохозяйственных и жилых построек, предприятий по переработке сырья, кормовых и семенных запасов [7].

Анализируя этот документ, мы видим, что практика репрессий и кровопролития без суда и следствия практически была узаконена. Этот документ, ярко отражающий действия сталинского руководства в период массовой коллективизации, подтверждает утверждение об антинародном характере большевизма, лицемерии и преступности его лидеров.

Постановлением ЦК ВКП (б) от 30 января 1930 года «Об ликвидации кулачества как класса» ЦК ВКП(б) утвердил направления массовой коллективизации и постановил провести практическую работу о ликвидации кулачества в ближайшее время [8]. В Костанайском округе были утверждены Федоровский и Карабалыкский районы, которые подлежали массовой коллективизации.

Как мы видим, в сводке рассмотрения дел по Федоровскому и Карабалыкскому районам по конфискации баев и кулаков было выявлено, что по двум районам было рассмотрено 502 дела [5, с. 39]. Из них по Федоровскому району 392 дела, а по Карабалыкскому 110 дел. В частности, дела были рассмотрены по II и III категориям. В Федоровском районе по II- категории были утверждены 306 человек, по Карабалыкскому району 100 человек. По III - категории в Карабалыкском районе было рассмотрено всего 3 дела, а в Федоровском районе 36 дел.

В сводке Комиссии Казкрайкома ВКП(б) об утверждении количества репрессируемых байско-кулацких хозяйств были приведены сведения конфискуемых по 3 категориям [9].

По 13 округам были утверждены 7 397 хозяйств отнесенные к I – категории. Из них 238 хозяйств были с Костанайского округа. Нужно отметить, что репрессивные меры также применялись против бедняков. Если из 7 397 хозяйств байско-кулацкие были 5 199, то 597 хозяйств были бедняцкими. Арестованных из этой категории было 166 человек, а группированных 29 человек [9, с. 89].

По II – категории были утверждены 2 430 хозяйств состоящие из 7 105 человек. В Костанайском округе подлежали к выселению 430 хозяйств. Но, фактически было конфисковано 413 хозяйств или 2 125 человек [9, с. 90].

Конфискованные по I и II категориям были выселены за пределы округов, а III категория лиц подлежали переселению внутри округов. Всего по Казахстану намеченных к выселению по 7 округам было 2 242 хозяйств. Но, фактически было выселено 521 хозяйств. Если по Костанайскому округу было намечено к выселению 207 хозяйств, то по факту были выселены 94 хозяйств [9, с. 91].

По архивным документам зафиксированы факты чрезмерных перегибов политики конфискации. В отчете Боровского райкома ВКП (б) от 1 мая 1930 года говорится, что в районе было взято на учет 477 хозяйств кулаков подлежащие ликвидации. В деревнях Алёшинском и Денисовка у кулаков были изъяты жареное мясо, печеный хлеб, кувшин молока и т. д.

Во Введенском, Белоярском, Михайловском, Алёшкинском сельсоветах этот показатель был увеличен до 20% от всего населения, где были созданы определенные преимущества. Поэтому, перегибы, проводимые компанией, коснулись не только крупных кулаков и зажиточных баев, но и середняков с беднотой, что привело к дальнейшему обеднению народа и к голоду [10, с. 293].

1930 году 14 мая была предоставлена сводка, в которой были изложены меры по переселению кулаков третьей категории. С Федоровского района в неблагополучные места было выселено 47 семей, а с Мендыгаринского 14 кулацких хозяйств [9, с. 133].

На основе выше указанных трех документов, можно прийти к такому выводу, что проводимые репрессивные мероприятия против баев и кулаков были не прерывными и масштабными.

Таким образом, в конце 20-х годов – начале 30-х годов прошлого века на нынешней территории Костанайской области осуществлялась политика конфискации имущества и скота у зажиточного населения которая носила репрессивный характер.

#### Список использованных источников:

1. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы. В 5-ти тт. / Т. 2. Май 1927 — ноябрь 1929 / Под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. — М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 1999. - 880 с.
2. ЦГА РК. Ф.1380. Оп.1. Д.268. Л.57.
3. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 2053. Л. 22.
4. ГАКО. Ф.73. Оп.2. Д.2. Л.41-43.
5. Айтмухамбетов А.А., Исмаилов С.С., Табулденов А.Н., Наурызбаева Э.К. Репрессии и депортации на территории Костанайской области в 1920-1940-е годы – Актобе: «Арт полиграфия», 2021. – 104 с.
6. ГАКО. Ф. Р73. Оп. 1. Д. 230. Л. 44-45.
7. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Т 65 1927—1939. Документы и материалы. В 5-ти тт. / Т. 2. Ноябрь 1929 — декабрь 1930 / Под ред. В.Данилова, Р.Маннинг, Л.Виолы. — М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2000. — 927 с.
8. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.2926. Л.55-58. Копия
9. Трагедия казахского аула 1928-1934 [Текст] : сб. док. Т. 2: 1929 - январь 1932 / [сост. А. С. Зулкашева [и др.]. – Алматы : Раритет, 2018. - 744 с.
10. Сборник посвященный 25-летию Независимости Республики Казахстан и 80летию Костанайской области «Костанайская земля: люди,

события и факты» - Костанай: Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова, 2016., 446 с.

## ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА 1920-1930 ЖЫЛДАРЫ ХАЛЫҚТАН МҮЛІК ПЕН МАЛДЫ ТӘРКІЛЕУ ПРОЦЕССИНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Закирова А.Б., 4 курс, 5В020300 - Тарих, П.Чужинов атындағы экономика және құқық институты, А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай, Қазақстан.*

*Шалгимбеков А.Б., қауымдастырылған профессор, тарих ғылымының кандидаты,*

*А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ.*

*Мақалада Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағатының мұрағаттық құжаттары, ҚР Президенті мұрағаты мен ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты шығарған құжаттар жинағының негізінде ХХ ғасырдың 1920-1930 жылдары Қостанай облысының тұрғындарынан мүлік пен малды тәркілеу процесі қарастырылады. Тәркілеу саясатының мәні мен ерекшеліктерін ашу үшін нормативтік-құқықтық актілерді талдауға ерекше көңіл бөлінген.*

Өткен ғасырдың 20-жылдарының соңында Қостанай облысының қазіргі аумағында ауқатты топтар мен халықтан мүлкі мен малын тәркілеу саясаты жүзеге асырылды. Осы мақаланың мақсаты Қостанай облысының мысалында Қазақстандағы халықтан мүлік пен малды тәркілеуді жүргізу процесінің мәнін ашу болып табылады.

Дәстүр бойынша қарастырылып жатқан уақытта қазақ ауылдарында байлардың халыққа әсері басым болды. Сондықтан кеңес өкіметі байлар мен жартылай феодалдарды қазіргі билік үшін басты жауы мен қауіпті элементтердің санатына жатқызуға мәжбүр болды.

Бұл мәлімдемелер көптеген заңнамалық актілерде көрсетілген. Соның бірі БОАК Президиумының 1928 жылғы 14 наурыздағы "байлар мен малшылардың отбасыларын тұрақты тұрғында пайдалану және тұру құқығынан айыру және олардың мүлкін тәркілеу туралы"қаулысы болып табылады. Осы қаулыға сәйкес, байлар, манаптар мен сұлттардардың ұрпақтары, ең күшті және бұрын артықшылыққа ие ақсүйектер, шеткері жерлердегі кеңес өкіметінің тәжірибесіне сүйене отырып, олардың Кеңес өкіметінің жаулары екенін көрсетеді.

Осы саясат басталғанға дейін байлар көшіп, малдарын шетелге айдап, қайта сата бастады, тысқары жерлерге өндіріс құрал-саймандарын тасымалдады. Бұл әрекеттер, әрине, Қазақ АКСР-індегі биліктің жоспарлы қызметін бұзды.

Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және Қазақстан аумағына көшіру туралы жарлықты іске асыру 1928 жылғы 14 наурызда қабылданған қаулы жобасын әзірлеумен байланысты болды. Осының негізінде 1928 жылы 27 тамызда ОСК және Қазақстан ХКК "ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және көшіру туралы" декреті қабылданды [1]. Бұл құжат шаруашылықтарды әлеуметтік тиістілігі бойынша бөлудің негізгі ережелерін қамтиды. Көшпелі аудандардағы ірі бай шаруашылықтарға мал басын іріге ауыстыру кезінде 400 бастан астам, жартылай көшпелі - 300 бастан астам және отырықшы - 150 бастан астам ірі қара малы барлар бай шаруашылықтарға жатқызылды. Осы жарлыққа сілтеме жасай отырып, Қостанай округінде 249 бай шаруашылығы тіркелген. Қостанай округінде шаруашылықтарды тәркілеуге және ірі байлар мен жартылай феодалдарды көшіруге уәкілетті орталық атқарушы комитеттерге комиссарларды тағайындау туралы шешім қабылданды. Қостанай округіне жолдас Тәтімбаев жіберілді.

Мұрағаттық құжаттармен жұмыс істей отырып, 1928 жылдары байлардың тәркілеп қана қоймай, отбасы мүшелерімен бірге көшіруге жатқызған. Осылайша, байларды Қостанай округінен Семей округіне, ал байларды Қарқаралыда округінен Қостанай округіне көшірді.

Қостанай БКП (б) ОК-нің 1928 жылғы 19 қазандағы "ірі бай-жартылай феодалдарды тәркілеу барысы және оның алдын ала қорытындылары туралы" құпия баяндамасында тәркілеу жөніндегі әрекеттер қыркүйектің 20-да басталуы тиіс еді. Сондай-ақ, 15 қыркүйекте "Ауыл" және "Степной Крестьянин" газеттерінде 1928 жылғы 27 тамыздағы декрет бойынша көшіруге және тәркілеуге жататын байлардың тізімі түпкілікті бекітіліп, жарияланды.

Кесте 1 - Тәркіленуге және Қостанай округінің аймағынан тыс жерлерге көшірілуге жататын азаматтардың тізімі[2].

№	Тегі мен есімі	Аудан атауы	Ауылдың №
1	Қаралдин Байқадам	Торғай	№ 13
2	Шоттыбаев Дабыл	Торғай	№8
3	Раисов Шаяхмет	Торғай	№15
4	Қарауылов Жақсылық	Торғай	№14
5	Айбалтин Жарбол	Торғай	№3
6	Мырзабеков Сансызбай	Жітіқара	№8
7	Байбеисов Мұқан	Жітіқара	№16
8	Суюнтаев Байтақ	Жітіқара	№16
9	Саиалиев Бекарстан	Жітіқара	№12

**ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ САЯСАТЫ**

10	Боранбаев (Бұрамбаев) Сеил (Сеит)	Жітіқара	№8(3)
11	Жиенбаев Қарамақан	Жітіқара	№15 (№7)
12	Серкебаев Құрманғали	Жітіқара	№18
13	Құндыбаев (Кундубаев) Сейітжан	Жітіқара	№15
14	Серкебаев Ғабдолла	Жітіқара	№20
15	Байтищев (Баймишев) Байқоныс	Жітіқара	№11
16	Зайнуллин Құрғамбай (Құрғамбек)	Жітіқара	№5
17	Өзбеков Қара	Наурызым	№3
18	Шайлибаев (Жайлибаев, Жаенбаев) Садық	Наурызым	№3
19	Жайлибаев Қаралақ	Наурызым	№5
20	Өзбеков Сұлтан	Наурызым	№5
21	Өзбеков Мырзахмет	Наурызым	№3
22	Жалмұхамедов Закір	Обаған	№3
23	Сандыбаев Мінайдар	Обаған	№20
24	Италмасов Жалмұхамед	Обаған	№7 (№20)
25	Айдеркенов Өте	Обаған	№7
26	Макишев Есмаған (Есмұхамбет)	Обаған	№20 (№2)
27	Жалмұхамедов Хусаин	Обаған	
28	Өсенов Мұхамеджан	Обаған	№17
29	Оспанов Музумбай (Музембай)	Обаған	№14
30	Шушақов Бексұлтан	Обаған	№7 (№14)
31	Иманқұлов Тайшық (Тайтик)	Обаған	№7
32	Найзабеков Ахмет	Обаған	№2 (№7)
33	Наурызов Белял	Обаған	№5 (№2)
34	Меғамбетов (Мағамбетов) Қали	Аманқарағай	№1
35	Саутбаев (Сутбаев) Искак	Аманқарағай	№15 (№11)
36	Фаризов Кәкімжан	Аманқарағай	№14 (№15)
37	Катыбаров (Көтібаров, Кондыбаров) Рахмет	Аманқарағай	№11 (№14)
38	Баяуов (Байауов) Жандыр	Аманқарағай	№11
39	Сарсенбаев Ирхан	Аманқарағай	№13
40	Монтаев Нұрпейіс	Мендіқара	№2
41	Исабаев Көбек	Мендіқара	№3
42	Дәлдіров (Дальдияров) Қожапия	Мендіқара	№1
43	Күшпанов (Күшанов) Рақыш	Мендіқара	№1
44	Оразалинов (Оразалин) Омар	Мендіқара	№8
45	Баймұхамедов Нөке	Мендіқара	№1
46	Аймурзин Иман	Мендіқара	№1

**ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ САЯСАТЫ**

47	Наманчалов (Яманчалов) Юсуп	Қарабалық	№7
48	Жадрин Хасин (Хасен)	Қарабалық	№14
49	Қасырбаев (Каскрыбаев) Күлбан	ҚайыңдыҚұмақ	№12
50	Нұржанов Шареке (Шаренке) (Нұрмақов Шарке)	ҚайыңдыҚұмақ	№12
51	Ташенов (Таженов) Қанафия (Қанапия)	ҚайыңдыҚұмақ	№9
52	ТілеуовҚайшыбай (Қойшыбай)	Батпаққара	№7
53	Смаилов Мұхамед (Исмаилов Мұхамеджан)	Батпаққара	№2
54	Қожабаев Бермұхам	Батпаққара	№14
55	Серкабаев (Серікбаев, Серкібаев) Оспан	Батпаққара	№14

Бұдан басқа, тәркілеу бойынша практикалық жұмыс жүргізу үшін әрбір ауданға бірбірден қосымша уәкіл жіберілді. Осыған қарамастан, кейбір аудандарда тәжірибелік жұмыс жарлықта көрсетілген мерзімдерден әлдеқайда кешірек басталды. Бұл дайындықтың кешіктірілуіне, атап айтқанда тәркіленуге жататын мал мен мүлікті тіркіп, есепке алынуымен байланысты болды. Сонымен қатар, жазбада сол уақытта жұмыстар негізінен аяқталды, ал кейбір аудандарда тәркіленген мал мен мүлік кедейлер мен колхоздарға таратылып, байлар округтен шығарылды делінген.

Байлар мен кулактардан басқа, бұрынғы болыс билеушілері тәркіленіп, қуғынға ұшырады. Бұл санатқа келесі тұлғалар кірді: Дәуренбеков Жақып, Иткеев Асип (Асыл), Минайдаров Сейіт, Жақсыбаев Беркімбаев (Жақсымбаев Берке), Исмаилов Омар (немесе Досов), Қыстаумұратов Әбдірахман, Тәшенов (Тәжеков) Оразбай, Дәрменов Тоқуш, Мурзин Бабакай, Яманчалов Сейітқали, Алдияров Бермұхамед.

Олардың бар кінәсі Ресей империясының тұсында бұл азаматтардың басқару құрылымына кіріп және болыстардың билеушілері болғандығы. Бұл факт олардың отбасыларымен бірге Кеңес өкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшырауы үшін жеткілікті болды.

Осы құжатта барлығы 41 адамның өтініштері қаралды. Олар туыстарымен бірге аудандық комиссияға мүлкі мен малын тәркілеу туралы шешімдеріне наразылық білдірген. Осы құжатты талдай келе, аталған адамдардың белгілі бір дәрежеде ауқатты болғаны, бұрындары алашордашылардың қатарынба болып, оларға көмек көрсеткендері байқалды. Осы мәліметтер негізінде біз анықтадық: 4 адам- қажы, 11 адам – болыс басшылары, 4 адамАлашорда мүшелері немесе көмекшілері, 2 адам – сот, 1 адам – ауыл старшинасы, 1 адам – меценат, 1 адам-



болыстың ұлы. Шынында да, Кеңес Одағы кезінде бұл адамдардың патша үкіметімен кез-келген ынтымақтастығы қуғын-сүргінге негіз болды.

Қостанай округінде қазақтардан басқа да этностар өмір сүрді. Атап айтқанда, Еуропалық халық Ресейдің орталық облыстарынан Федоров ауданына келді. Ауылдарда жұмыс істейтін батырақтары бар кулактар ауқатты шаруалар болып саналды. 1929 жылдың жазынан бастап кулактарға салық салу айтарлықтай өсті. Заң бойынша кулактар сотталды және салықты уақтылы төлемегені үшін айыппұл салынды. Борышкерлердің мүлкі тәркіленіп, сауда арқылы сатылды. Бұл саясат кулактар мен қазақ байларының шаруашылықтарын жойды. Олар өндірісті тоқтатты, мал мен ауылшаруашылық техникаларын сатты. Олардың саны тез төмендеді.

Айыппұлдардан басқа, мал, жер, жылжымайтын мүлкі жеткілікті нормадан асқан адамдарға қатысты әртүрлі тәркілеу, зорлық-зомбылық сипатындағы басқа да әрекеттер қолданылды. Банновка ауылдық кеңесінің кулак шаруашылықтарында мал мен басқа да мүлікті тәркілеу актісінде келесі кулактардың есімдері көрсетілген: Казыдуб Павел, Пономарев Тимофей, Василенко Иван, Попко Иван, Шевченко Карп, Птушко.

Мұрағаттық құжаттар бойынша тәркілеу саясатының шектен тыс асыра сілтеу фактілері тіркелді. 1930 жылғы 1 мамырдағы БКП (б) Боровской аудандық комитетінің есебінде ауданда 477 кулак шаруашылықтары есепке алынғаны айтылған. Введенский, Белоярский, Михайловский, Алешкин ауылдық кеңестерінде кулактардан қуырылған ет, пісірілген нан, бір құмыра сүт және т.б. тәркіленді, бұл көрсеткіш белгілі бір артықшылықтар жасалған бүкіл халықтың 20% - на дейін өсті. Сондықтан, тәркілеу науқанында жүргізілген асыра сілтеулер тек ірі кулактар мен байларға ғана емес, сонымен бірге кедейлерге де әсер етті, бұл халықтың одан әрі кедейленуіне және жойқын ашаршылыққа әкелді [3].

КОКП Саяси Бюросының кулактарына қарсы нақты шаралар әзірлеу үшін 1930 жылы 15 Қаңтарда Молотов бастаған комиссия құрылды. 1930 жылғы 30 Қаңтарда БКП (б) ОК комиссия дайындаған "жаппай ұжымдастыру аудандарындағы кулак шаруашылықтарын тарату жөніндегі іс-шаралар туралы" қаулы жобасын мақұлдады [4]. Жарлыққа сәйкес, жаппай ұжымдастыру аудандарында және басқа аудандарда ұжымдастырудың жаппай өрістеуіне байланысты шұғыл түрде келесі шаралар қажет болды: жер заңын жою, жеке шаруашылықтарға қатысты ауыл шаруашылығында жалдамалы еңбекті жалға алу мен пайдалануды шектеу, ауылшаруашылық және тұрғын үйлерді, шикізатты қайта өңдеу кәсіпорындарын, жем және тұқым қорларын басып алу.

Бұл құжат кулактар мен байлардың мүлкі мен өндіріс құралдарын тәркілеу тәртібін анықтады, оны колхозшылардың, ауылдық кеңестер мен кедейлердің қатысуымен өткізу ұсынылды. Тәркіленген мүліктің тізімдемесін жүргізу және колхоздарға беру үшін оның сақталуын қамтамасыз ету қажет болды. Сонымен

қатар, жарлықта кулактарға қарсы барлық шаралар жаппай ұжымдастыруға және шаруалардың хабардарлығын арттыруға сәйкес жүргізілуі керек деп ескертілді.

Осы құжатты талдай отырып, сот пен тергеусіз репрессия мен қантөгіс тәжірибесі іс жүзінде заңдастырылғанын көреміз. Сталиндік басшылықтың жаппай ұжымдастыру кезеңіндегі әрекеттерін айқын көрсететін бұл құжат большевизмнің, екіжүзділіктің және оның жетекшілерінің қылмысының халыққа қарсы сипаты туралы пікірді растайды.

Кулактар мен байларды жаппай тап ретінде жою саясатына көшуді КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық комиссарлары кеңесінің 1930 жылғы 1 ақпандағы "жаппай ұжымдастыру және кулактарға қарсы күрес аудандарында ауыл шаруашылығының социалистік қайта құрылуын күшейту жөніндегі шаралар туралы" декреті заңды түрде ресімдеді.

БКП (б) ОК-нің 1930 жылғы 30 қаңтардағы "кулактарды тап ретінде жою туралы" қаулысымен БКП(б) ОК жаппай ұжымдастыру аудандарының бағыттарын бекітті және жақын арада кулактарды жою туралы практикалық жұмыс жүргізуге қаулы етті [5]. Қостанай округінде жаппай ұжымдастыруға жататын Федоров және Қарабалық аудандары бекітілді.

1932 жылға қарай байлар, жартылай феодалдар мен кулактардан мүлік пен малды жаппай тәркілеу процесі ресми түрде тоқтатылды. Осылайша, егер 1928 жылдан бастап Кеңес үкіметі заңнамалық құжаттар негізінде байлар мен кулактардың құқықтарын шектесе, бірақ 1930 жылдан бастап оларды тап ретінде жоюға көшті.

Осылайша, бірінші кезеңде байлар мен кулактардан мүлікті тәркілеу мәжбүрлі әрекет ретінде жүргізілгенін, бірақ процестің өзі жаппай сипат алғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар, жаппай тәркілеу процесі халықтың көп бөлігін өз мүлкінен, өндірістік құралдар мен малдан айыруға әкелді.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. Қ.1380. Т.1. Қ.268. Б.57.
2. Қостанай облыстық мемлекеттік архиві. Қ.73. Т.2. Қ.2. Б.41-43.
3. Сборник посвященный 25-летию Независимости Республики Казахстан и 80-летию Костанайской области «Костанайская земля: люди, события и факты» - Костанай: Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова, 2016., 446 с.
4. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Т 65 1927—1939. Документы и материалы. В 5-ти тт. / Т. 2. Ноябрь 1929 — декабрь 1930 / Под ред. В.Данилова, Р.Маннинг, Л.Виолы. — М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2000. — 927 с.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. Қ.141. Т.1. Қ.2926. Б.55-58. Копия

**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНИ  
ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ  
САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ПОРТРЕТІ (ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ  
БОЙЫНША)**

*Жусупов Руслан Батырханұлы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай  
өңірлік*

*университеті Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға  
оқытушысы, Қостанай*

*қ., Қазақстан*

*Ибраев Бақытжан Ибрайұлы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай  
өңірлік*

*университеті Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға  
оқытушысы, Қостанай*

*қ., Қазақстан*

*Бұл мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қостанай облысы бойынша діни қызметшілердің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы баяндалады. Қостанай облысының мемлекеттік мұрағатының қорларында сақталған мәліметтердің негізінде саяси тұрғыда жапа шеккен дін қызметкерлерінің, яғни сайлау құқығынан айрылған әлеуметтік топ өкілдері ретінде Қостанай облысының Боровской және Қостанай уездері (қалалары) бойынша олардың жалпы саны мен тізімі көрсетілген.*

Соңғы уақытта Кеңес Одағы кезіндегі тоталитарлық режимнің қалыптасуы мен қызмет етуінің түрлі аспектілері туралы көптеген еңбектер жарық көрді. Соған қарамастан, әртүрлі себептермен зерттеушілердің көзқарастарынан бірқатар күрделі мәселелер тысқары қалып отыр. Тоталитарлық қоғам тарихының мәселелерінде аз зерттелген тақырыптардың бірі – билік белгілі бір әлеуметтік топтар мен таптарды саяси және қоғамдық өмірге белсене қатысудан жою әдістері еді.

Әдетте, бұл мәселелерді сипаттап, зерттегенде тікелей саяси қуғын-сүргінге – жер аударуға ұшырағандарға, лагерьлерде абақтыға жабылғандарға, өлім жазасына кесілгендерге назар аударылады. Алайда, олардан басқа, Кеңес үкіметі өзінің өмір сүрген алғашқы жылдарынан бастап әлеуметтік ортаны өзгертудің басқа әдістерін жеткілікті түрде кеңінен және белсенді түрде қолданды. Соның бірі – азаматтарды таптық негізде «сайлау құқығынан айыру» еді.

Бұл идея - 1917 жылдың қазанынан кейін көп ұзамай кеңес басшылығы арасында пайда болды және 1918 жылы шілдеде белгілі бір тапқа немесе әлеуметтік топқа жататындығы үшін сайлау құқығынан айыру РСФКР бірінші Конституциясының арнайы 65-бабында бекітілді. Бұл Конституциясының «г» тармағына сәйкес - «шіркеулер мен діни ғұрыптарының монахтары мен діни қызметшілер» санатындағы әлеуметтік топ өкілдері сайланушы құқығынан айрылып, тіпті сайлауға қатысудан шектелген болатын [1, 2 б.]. Оның дәлелдемесі ретінде Қостанай облыстық мұрағаттарының қорынан табылған Қостанай губерниясы Боровской уезінің Введен болысына бағынышты кейбір ауылдарға байланысты мәліметтердің негізінде көз жеткізуге болады. Сонын ішінде 1923 жылы қазан айының 28-і күні РСФКР сайлау туралы Конституциясына сәйкес Введен болысы Введен жұмысшылар мен шаруа депутаттарының сайлау жөніндегі уәкіл және ауылдық комиссия мүшелері К. Мишиннің төрағалығымен Введен ауылдық кеңесті сайлау науқаны өткізілді. Введен ауылдық кеңес Конституцияның 64 және 65-баптарына және нұсқаулыққа сәйкес құқығы бар ретінде 250 адам жалпы жергілікті халық санынан, яғни 2137 адамның ішінен тандап алынып, сайлауға қатыстырылды. Оның ішінде 39 адам сайлау және сайлану құқығы жоқ азаматтар ретінде шеттетілді. Сайлау құқығынан айрылғандардың қатарында 7 адам дін қызметкерлері болып табылады, яғни 18%-ын құрайды [2, 14-18 б.]. Сәл ертерек, 1923 жылдың 24 қазанында өткен Введен болысына қарасты Алешин ауылдық кеңесін сайлау барысына жалпы халықтың саны - 1325 адамнан тұратын жергілікті тұрғындардың арасынан 300 адам сайлауға қатыстырып, оның ішінде 27 адамы сайлау науқанынан шектетілген еді. Сайлау құқығынан айырылғандардың 2-уі дін қызметкерлері болды, яғни 8%-ын құрады [2, 34-37 б.]. Сондай-ақ 1923 жылы 31 қазанында Введен болысы К-Белояр ауылдық кеңесінің сайлау науқанына жалпы халықтың саны - 4511 адамның ішінен 1257 адам сайлауға қатыстырылып, 49 адамы шектетілді. Оның ішінде 6-уы дін қызметкері, яғни 12%-ын құрады [2, 50-54 б.].

Қостанай облысына қарасты Боровской уезімен қоса, мұрағат қорларынан Қостанай уезі бойынша сайлау комиссиялары отырыстарының хаттамалары негізінде сайлау құқықтарынан айырылған дін қызметкерлерінің тізімі анықталды. Қостанай уезі бойынша діни тап өкілдері болғаны үшін сайлау құқығынан шектелген азаматтардың тізімі әрбір болыс бойынша ұсынылды: Затобол болысы бойынша жалпы шектетілген 14 адамның ішінен 5-уі дін қызметкері, яғни 36%-ын құрайды, сонын ішінде Иорданский Василий, Соколов Василий, Танков Лука және т.б. [3, 18-23 б.]; Тобол болысы бойынша жалпы шектетілген 10 адамның 7-уі дін қызметкері, яғни 70%-ын құрайды, сонын ішінде Булатов Кенжетай, Аргимбаев Абдрахман, Мухамедов Г., Жагалтаев Жусуп, Данилов Петр, Данилова Елена [3, 28-30 б.]; Вуев болысы бойынша

жалпы шектетілген 6 адамның 4-уі дін қызметкері, яғни 67%-ын құрайды, олардың тізімі: Харламов В., Грачкин Иван, Смирнов Петр, Бондоров Павел [3, 37-43 б.]; Павлов болысы бойынша жалпы шектетілген 4 адамның 2-уі діни қызметкер, 50%-ын құрайды: Малышев Василий, Дмитриев Николай [3, 46-48 б.]; Аманқарағай болысы бойынша жалпы шектетілген 14 адамның 6-уы діни қызметкер, яғни 43%-ын құрайды: Исанжулов Сулеймен, Туккужин Мулдағали, Аргумбаев Исмурза, Тубакаев Казы, Калымбаев Ирмжан, Карин Тулиберген [3, 50 б.]; Б.Чураков болысы бойынша жалпы шектетілген 8 адамның 4-уі дін қызметкері, яғни 50%-ын құрайды: Ивлиев Григорий, Соковой Филип, Рябокобылюк Фома, Ищенко Лука [3, 52 б.]; Обаған болысы бойынша жалпы шектетілген 9 адамның 7-уі дін қызметкері, яғни 78%-ын құрайды: Байжанов Исенгазы, Масабаев Байахмет, Кубеев Мукаш, Молдыбаев Кабулда, Тайлаков Валей, Чангов Досмухамед, Сиксенов Мангуша [3, 54 б.]; Паловников болысы бойынша жалпы шектетілген 11 адамның 5-уі дін қызметкері, яғни 45%-ын құрайды, олар: Прозаров Алексей, Скуратов Ф., Сурмиевич Сергей, Муравьев Иосиф, Никитин Лавр [3, 54-65 б.]; Введен болысы бойынша жалпы шектетілген 8 адамның 6-уы дін қызметкері болып табылады, яғни 75%-ын құрайды: Топоров Евдоким, Савин Тимофей, Попов Г., Алексеев Александр, Ходаковский Николай, Дьячков Петр [3, 67-73 б.]; Викторов болысы бойынша жалпы шектетілген 11 адамның 10-ы діни қызметкер, бірақ дін өкілдерінің кейбірі ақпан төңкерісіне дейінгі атқарған диқаншылық қызметіне байланысты сайлау құқығы қайта қалпына келтірілген еді, олардың саны 7 адам болды. Қалған 3-уінің 2-уі дін қызметкерлігі үшін, оның 1-уі және рухани (психикалық) науқастығына байланысты сайлау құқықтары қалпына келтірілмеді. Жалпы сайлау құқығынан айрылған адам саны 4, оның ішінде 2-уі діни қызметкер, яғни 50%-ын құрайды [3, 83-86 б.]; Боровской болысы бойынша жалпы шектетілген 31 адамның 11-і дін қызметкері болды, оның ішінде дін қызметкерлерінің әйелдері, яғни 3-уінің сайлау құқығы қалпына келтірілді, сол себепті сайлау құқығынан айырылғандардың саны 27 адам, яғни 30%-ын құрайды: Дроздов Семен, Малахов Иван, оның әйелі Малахова, Вербицкая Д., Кгатет Кгазитулин, Кулик Василий, Белочуб Евгения, Попатенко Ефим [3, 90-96 б.]; Семиозер болысы бойынша жалпы шектетілген 21 адамның 4-уі дін қызметкері болған, яғни 19%-ын құрады: Валиулин Колимулла, Николенко Григорий, Иеромонах Серопион, Галепа Федор [3, 99-105 б.]; Михайлов болысы бойынша жалпы шектетілген 39 адамның 9-і дін қызметкері болды, яғни 23%-ын құрайды: Петрушин Никифор, Даулей Емельян, Цыганков Сергей, Подставочкин Матвей, Голубев Филипп, Алелеков Иван, Велицкий Николай, Смоленский В., Дубровский Алексей [3, 108-118 б.]; Алексеев болысы бойынша жалпы шектетілген 14 адамның 6-уы дін қызметкері, яғни 43%-ын құрайды: Тиунов Михаил, Ваевдин Никон, Слесаренко Михаил, Сиднев Марк, Макаренко Трафим, Жиров Константин [3, 124 б.]; Мендіқара болысы бойынша жалпы шектетілген 10 адамның 6-уы дін

қызметкері, яғни 60%-ын құрайды: Кофтунов Галактион, Улжабаев Бикмухамед, Ахметов Искак, Унгайбеков Алмагам, Бектимиров Тимербек, Жанатаев Каумен [3, 127 б.]; Александров болысы бойынша сайлау құқығынан айрылғандардың тізіміне 33 адам енгізілді, оның ішінде 18 адамның сайлау құқығы қалпына келтірілді. Дін қызметкері болғаны үшін сайлау құқығынан шектетілгендердің саны 3 (үш) адам болды, жалпы 15 адамның ішінен, яғни 20%-ын құрайды [3, 146-152 б.].

Қостанай облысы бойынша дауыс беру құқығынан айырылғандардың тізімінде мыңдаған дін қызметкерлердің аты-жөні тіркелген еді. Толық емес мұрағаттық деректерге сәйкес Қостанай облысының тек 95 ауылдық кеңесі бойынша, жоғарыда қарастырылған Қостанай уезін (қаласын) есептемегенде, 1923 жылы сайлау құқығынан айырылған тізімдерде діни қызметкерлер ретінде дауыс беру құқығынан айырылған 500-ден астам адам болған [4, 1 б.].

Жалпы қоғамнан шектетілген азаматтардың саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары Кеңес Одағы кезінде өте күрделі болды. Сонын ішінде сайлау құқығынан айырылған дін қызметкерлерді жұмыстан босату, кәсіподақтар мен кооперативтерден шығару, 1929-1935 жылдары карточкалық жүйеде тауарлар мен өнімдерді алуға, қалалардағы муниципалды үйлердегі пәтерлерінен айыру, 1920-1930 жылдардағы «тазарту» кезінде ірі қалалардан шығару, салық ауыртпалығының едәуір артуы және арнайы салықтарды (мысалы, әскери) енгізу, тіпті олардың балалары орта мектептердің, техникалық мектептер мен университеттердің жоғары сыныптарынан алып тастау сияқты әлеуметтік-экономикалық салдарының құрбаны болды. Мәселен, 1930 жылы тамызда үкіметтің құпия қаулысында соңғы «тазарту» нәтижесінде сайлау құқығынан айырылған қызметкерлерге жұмыс беруге тыйым салынды. Мысалы, 1921 жылы дін қызметкері болғаны үшін мектеп мұғалімдері Абдрахман Ашимбаев, Ф.В. Соколов (Резанцев мектебі) оқытушылық қызметінен босатылған еді [6, 31 б.]. Сондай-ақ дін қызметкерлері кеңес үкіметі кезінде патша үкіметі кезінде берілген әлеуметтік-экономикалық артықшылықтардан арылған болатын. Мәселен, 1920 жылы 1 шілдеде шыққан Қостанай уездік бөлімшесінің азаматтық тіркеу бөлімі жөніндегі басқармасының міндетті қаулысына сәйкес «Қостанай қаласы мен уездің барлық діни ғибадат етушілеріне оларға келіп түскен өтініштер мен арыздардан, сондай-ақ қандай да бір қажеттілік бойынша олар беретін анықтамалардан әртүрлі алымдар алуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Бұл ереже шіркеу қызметкерлеріне де, барлық шіркеу ұйымдарына да қатысты. Осы қаулыны бұзғаны үшін оған кінәлі шіркеу министрлері мен шіркеу ұйымдарының өкілдері сот жауапкершілігіне тартылады» - деп жарияланған еді [7, 13 б.].

1936 жылы қаңтарда Кеңес Одағының жаңа Конституциясы қабылданды, онда жалпыға бірдей сайлау құқығы орнатылды. Десекте, дін қызметкерлерді кеңес қоғамынан шектеу жұмыстары тоқтатылмады. Мәселен, жұмысқа

қабылдау жөніндегі сауалнамаларда «адам бұрын сайлау құқығынан айырылды ма» деген сұрақпен тармақ сақталды. Сайлау құқығынан айырылғандар ретінде БМСБ (Біріккен мемлекеттік саяси басқару) және ІХК (Ішкі істер халық комиссариаты) органдарының иелігінде дін қызметкерлер туралы мәліметтер базасы болды. Сондықтан 20-30 жылдары, кейіннен 1937-38 жылдары сайлау құқығынан айырылғандардың көпшілігі, сонын ішінде дін өкілдері РСФКР Қылмыстық кодексінің 58-бабы бойынша ІХК органдарымен қуғын-сүргінге ұшырап, не өлім жазасына кесілді, не концлагерьлерде ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Қорыта келегенде, Қостанай облысы бойынша Кеңес үкіметі орнаған күннен бастап жергілікті өңірде өз билігін орнықтыру мақсатында белгілі бір әлеуметтік топтар мен таптарды саяси және қоғамдық өмірге белсене қатысудан жою әдістерін кеңінен қолданды. Солардың бірі – таптық негізде «сайлау құқығынан айыру» әдісі еді. Жеке тап өкілдері ретінде дін қызметкерлері де іліккен болатын. Қостанай облысының мұрағат қорларынан табылған Қостанай облысына қарасты Қостанай уезінде 1925 жылы сайлау құқығынан айрылған әртүрлі тап өкілдерінің жалпы саны - 214 адамды құрайды. Оның ішінде өз алдына әлеуметтік топ ретінде қарастырылған дін қызметкерлерінің санатындағы адамдардың саны – 84, яғни шектетілгендердің 39%-ын құрады. Дін қызметкерлері барлық әлеуметтік-экономикалық артықшылықтардан шектетілді, тіпті толыққанды қоғамнан ажыратылды, яғни олардың жеке бастарына нұқсан келтіруден бөлек, бұл әлеуметтік топ өкілдері өмір мен өлімнің арасында қалды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Словари и энциклопедии на Академике // <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/116496>
2. Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты. Қор 72. Тізім 1. Іс 133.
3. ҚОММ. Қор 72. Тізім 1. Іс 248.
4. Репрессии и гонения на Русскую Православную Церковь в годы Советской власти в Кустанайской области (за Христа пострадавшие) // <http://kst-eparhiya.kz>
5. ҚОММ. Қор 72. Тізім 1. Іс 248.
6. ҚОММ. Қор 237. Тізім 1. Іс 61.
7. ҚОММ. Қор 237. Тізім 1. Іс 41.

**ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІНЕ, ЗОРЛЫҚ-  
ЗОМБЫЛЫҚ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІНІҢ ӘСЕРІ (ТӘРКІЛЕУ,  
ҰЖЫМДАСТЫРУ,  
ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ)**

*Досмагамбетова Шынар Атымтаевна А.Байтұрсынов  
атындағы «Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ  
П.Чужинов атындағы экономика және құқық институты  
Ғылыми жетекші: Исмаилов Серикжан Сағындыкович., т.ғ.к,  
қауымдастырылған  
профессор*

*Қаймана қазақтың басына нелер келіп, не кетпеді?! «...Нанды баспа, жерге тастама!» деп айтып әжелеріміз айтып отырушы еді. Себебі олар бір үзім нанның бір адам өміріндей құны бар азапты күндерді өз көзімен көрді. Сол жылдардағы ұлы аштықты көрген кешегі бала, бүгінгі ақсақалды ата мен ақ кимешекті әжесіге айналғалы қашан. Өз көздерімен сол жылдардағы зобалаңның еріксіз куәгері болып, бүгінгі бейбіт өмірде екеніне әліде сенбейтіндей.*

*Мақалада айтып өткендей қазақ елі, жері үшін сол уақыт ұлы нәубет жылдары еді. "Ашаршылық" зұлматы бір кезде рухы еркін қазақ ұлтының арнамысына, өзіндік болмысына үлкен нұқсан келтірді. Сол тұста өзінің жағдайы мәз болмасада халыққа бір үзім нанын бөліп берді. Ұжымдастыру, отырықшыландыру саясатының салдарынан ашаршылыққа тап болған халықта бас көтеруге шамасы болмады. Елім деп көтерілген қазақ зиялыларын «халық жауы» деп айып тақты. Сол жылдары жан-жаққа босып, жер аударып кеткен халықтан мына өлең жолдары ойға оралады: «Қара таудың басынан көң келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді. Қара көзден айрылған жаман екен, Қара көзге мөлтілдеп жас келеді».*

Тарих талқысын ашып қарасақ қазақ халқының басына не келіп, не кетпеді?! Ұшқан құс пен жүрген аңға да зияны тимеген момын халықтың көрмегені жоқ. Әсіресе 20 ғасырдағы ашаршылық, тәркілеу, ұжымдастыру, отырықшыландыру. Осының бәрі кең жайлауда арқасын кеңге салған арда қазақ үшін қиыншылық туғызды. Соның ең қатты әсерін тигізгені ашаршылық еді. Жалпы қазақ даласында үш ашаршылық кезеңі болды. Бірінші ашаршылық — 1916-1918 жыл. Бұған Бірінші дүниежүзілік соғыс пен Ресейдегі азаматтық соғыстың басталуы, мал-мүлікті тәркілеу мен патша билігі жіберген жазалаушы армия басқыншылығы, сонымен қатар халық арасында таралған індет пен қатты суық және құрғақшылық себеп болды. Деректерге сүйенсек, бұл жұт салдарынан



кемінде 1,5-2 миллион адам көз жұмған, ал 300 мыңнан 1 миллионға дейін адам босып кеткен.

Екінші ашаршылық — 1921-1922 жыл. Оның үш себебі бар. Алғашқысы — Азаматтық соғыс салдарынан қазақ даласындағы шаруашылықтардың күйзеліске ұшырауы. Екіншісі – 1920 жылғы жұт пен 1921 жылғы құрғақшылықтың ауыл шаруашылығына келтірген зияны. Үшіншісі —жұқпалы аурудың тарауы.

Үшінші ашаршылық — 1929-1933 жыл. Оның себебі – Қазақстанда жүргізілген сталиндік-голощекиндік реформа, шаруалардың жекеменшігін тәркілеу мен жою, сондай-ақ көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын тіршілік көзінен айырып, жаппай және күшпен отырықшыландыру науқаны. Ресми мәліметтерге сүйенсек, бұл жылдары 2,4 миллион адам аштықтан қырылған. 1930-1931 жыл аралығында 1 миллион 70 мың адам Қытай, Иран және Ауғанға қоныс аударған. Оның 414 мыңы кейін елге оралған. [1] Қай кезеңі болмасын адамзат үшін, әсіресе қазақ халқы үшін оңай болмады. Аштықтан естері ауып, біріне бірі атылып, адам адамның етін жеп. Тіпті болмағандары даладан тышқан, суыр аулап талғажау етті. Осы бір естен кетпес ең ауыр жылдарды қай қайсыда қабырғасы қайыса айтады.

Бірінші аштық кезінде қазақтың көбі аштан қырылды. Деректерге сүйенсек, 1919-1922 жылдардағы аштық кездерінде бір миллионнан астам қазақ аштан өлген. Бұл сол кездегі қазақтың санының шамамен 20-22 пайызын құрайды деген сөз. Алаш арыстарының көсемі, ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы ХХ жылдардағы аштық жөнінде 1922 жылғы «Қазақ календарына» жазған «Тәні саудың - жаны сау» атты мақаласында: «...Өткен қыста аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті... Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...» деп жазды. Бірақ сол кездің өзінде жағдай тұрақталған емес.

Міржақып Дулатұлы қаймықпай ашық түрде «Аштық қырғынынан қайтсек құтыламыз?» деген мақаласын «Қазақстан үкіметінің назарына» деген атаумен жазды. Қазақ өкіметі ел ішіндегі жағдайдың одан әрі ушығып бара жатқанын білді. Енді шегінерге жер қалмағанын түсінді ме, әлде аштықты жою ісіне қалың қазақты жұмылдыра бастаған «алашордашылар» ықпалының өсіп бара жатқанынан, оның сыртында ел ішіндегі ахуалдың ауырлап, аштықтың жайлағанына көзі жеткен соң ба, ұлт зиялыларына өзге аймақтардан көмек, жылу жинап, ашыққан аймақтарға көмектесуге рұқсат берді. Қиналған халыққа жұртты жұмылдырып көмек берген, ажал, аштық, тырнағынан арашалаған Алаш

арыстары кейіннен малды құжатсыз үлестірді деген жаламен істі болды. Қызыл коммунистер осылайша «Торғай ісін» бастады.

Елдегі ашаршылық жайы сол кездерде ұлт зиялыларын да бейтарап қалдырған жоқ. Атап айтқанда, 1920 жылдары орын алған ашаршылықтың зардабын сол кездегі зиялылардың көбі жазды, олардың арасында Тұрар Рысқұлов та, Мұстафа Шоқай да болды. Соңғы кезде ҰҚК мұрағатынан Мұхтар Әуезовтің 1921 жылы қазақтың тұңғыш құрылтайында сөйлеген сөзі табылды. Сондағы сөзінде: «соңғы жылдары ашаршылықтың салдарынан 1 миллион 700 мың қазақ қырылды, оның 700 мыңы – балалар» деген екен. Сол тұста «Правда» газеті Сафаров есімді комиссардың 1 миллион қазақ қырылды деген сөзін келтіреді.

Нағыз қасапты қырғынды жылдар 30-шы жылдар еді. Бұл жылдардағы қара нәубет қара халықтың тең жартысын келместің кемесіне ала кетті. Аш-жалаңаш, үйсіз-күйсіз қалған қаймана қазақ бас сауғалап босып кетті. Бірі жақын маңдағы шет елдерді паналаса, енді бірі тау асып, Пәкістан, Ауғанстан сияқты таяу шығыстағы елдерді паналады.

Сол жылдардағы аштық жайлы шығармалар мен естеліктеріді алып, оқып қарасаңыз жан түршігерлік жәйттар жазылған. Соның бірі ғалым Мекемтас Мырзахметов анасы жайлы жазған естелігінде: «...Ашаршылық жылы сен үш жаста едің. Емшекте нәресте қызым бар. Аштықтан өлетін болған соң түс кезінде Кемербастаудағы жездем Құрманбектің үйіне қарай жолға шықтық. Сені қолыңнан жетелеп, қызымды бауырыма алып, аштықтан бұралып, әрең жүріп келемін. Жол өнбей, ауылға жақындаған шақта қас қарайып кетті. Сарттар еккен қауындыққа жеткенде ұялы қасқыр қамап, топырақ шашып, қаумалай бастады. Таяғымды көтеріп, айбат шеге айғайласам да қаймығар емес. Есім шыға, не істерімді білмей ораулы қызымды жерге қойып, сені арқалап сытылып шықтым. Сол-ақ екен, топ қасқыр қызға қарай бас салды. Шар еткен нәрестенің даусын естідім... Тура осылай болғандығын шешемнің аузынан естігем. Біз атадан 17 едік. Кейін ашаршылық басталып, бірі соғыста өліп, бірі «халық жауы» боп айдалып, ақырында үшеу-ақ қалдық. Егер соның он жетісі де тірі болғанда бүгін санымыздың қанша болатынын Құдай білсін. Кейін бала боп үйдің бетін көрмей, ұзап кеткенімде анам қатты қиналса керек. Бір сөзінде «сол кезде қасқырға қызымды тастағанша, сені бермеппін...» дегені бар» дейді. [2]

Қай ұлттың болмасын қаламгерлер қауымы тарихтың тегершігімен бірге айналған жылдардың жүлгесінде өз халқының бастан кешкен басты қайғылы-тағылымды оқиғалары жөнінде көбірек қалам сілтеп, оқырман назарын осының байыбына барынша қырағаттап аударуға ұмтылады. Біздің қазақ үшін ХХ ғасырдағы сондай сұрапыл оқиғалардың арасында 1921 және 1931-1933 жылдар аумағын қамтыған ашаршылықтың алатын орны айрықша зор болды.

Рас, егемендігіміз еңсесін көтергенше, бізде бұл тақырыпта туынды тудырып, оны баспа жүзінен шығара қою аса қиынға түсті. Бұл ретте біздің

ойымызға алдымен Бейімбет Майлиннің 1921 жылғы ашаршылық туралы жазылған «Берен», «Қырманда» атты повестері, «Күлпәш», «Ашаршылық құрбаны», «Айт күндері» деген әңгімелері, Нұрхан Ахметбеков пен Нұрлыбек Баймұратовтың поэмалары оралады. Сол сияқты Жүсіпбек Аймауытовтың «Елес» деп аталатын әңгімесі болды. Ал Жақан Сыздықовтың 1927 жылы жазылған «Әлі қарттың әңгімелері» дейтін поэмасы 1940 жылы кітап болып шыққан бойында өртелді. Содан бастап бұл тақырыпта жазуға тыйым салынды. Сондықтан сол бір зобалаң жылдар туралы сөз бола қалғанда, оны «асыра сілтеу кезеңі» деуден арыға бара алмадық. Дегенмен қаламгерлеріміз бұл тақырыпты «жаңбыр-жаңбырдың арасымен» қозғап тұруды да ұмыта қойған жоқ. Ал бұл тақырыпты жазба жүзінде аянбай ашық көрсете алатын нағыз ақжарылқап кезең республика тәуелсіздікке қол жеткізіп, дербес мемлекет атанған мезгілден бастап қана туды.

Алдымен 90-жылдарға қарай Балғабек Қыдырбекұлының «Алатау» атты романы жарық көріп, бір тарауында Жетісу өңірінде орын алған ашаршылық жайынан сыр шертті. Содан кейін 90-жылдары Адам Мекебаевтың «Күпия қойма» деген романы пайда болып, қызылдар ұйымдастырған қанқұйлы қырғынның шынайы кейпін ашып көрсетуге арна тартты. Қазақстандық орыс жазушысы Валерий Михайлов сол тұста «Хроника великого джута» деген деректі романын баспаға ұсынса, 2017 жылы мамырда мұның «Великий джут» деген жалғасын жариялады. Мұның біріншісі қазақшаға «Ғаламат жұт шежіресі» деген атпен аударылып, бірнеше рет кітап болып шықты. Бұлардан басқа, Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» («Тамұқ», «Қыл көпір» бөлімдері), Қ.Қазыбаевтың «Сұрапыл», С.Елубайдың «Ақ боз үй», З.Жәкеновтің «Зұлмат» романдары, С.Жүнісовтің «Заманай мен Аманай», М.Мағауиннің «Сары қазақ», Н.Ақыштың «Рақымсыз көктем», Т.Сәукетаевтың «Құзғын тойған қыс», Н.Қапалбекұлының «Жерошақтың түтіні» секілді хикаяттары қазақтың тамырына балта шабуға бағытталған ашаршылық атты зұлматтың бар бет-бейнесін көрсетуге бағытталған толымды туындылар қатарынан орын алды. Бұлардан бөлек, қаншама тарихи-танымдық зерттеу кітаптары саналы оқырманға жол тартып, көптеген пьесалар жазылды, деректі фильмдер жарық көрді. Қазір олардың бәрін тізбелеп шығудың керегі де жоқ. Керегі, біз халқымыздың жартысына жуығын жусатып салып, демографиялық өсімімізді кемінде бір ғасыр уақытқа тежеуілетіп тастаған қанды қасапты жай «ашаршылық» деп атап қана қойып, оның нақты бағасын осы кезге дейін бере алмай отырғанымызды баяндау. [3]

Мұндай оқысаң жаның зәр түбіне кететін естеліктер мен шығармалардың саны біршама. Қайсыбірін алып қарасаңда соңына дейін дес бермеген қайсар мінезді қазақты байқайсыз. Адам аштыққа күн шыдасын, апта шыдасын бірақ айлап, жылдап жалғасқан аштыққа дес беру оңай емес. Осы нәубетті жылдары 1 миллион 700 мың қазақ қырылды деген есеп бар, ал есепке ілінбегені қаншамп?

Осының бәрі соқыр саясаттың кесірі, екі ортада қарапайым қара халық зардап шегіп, қаншама әке мен ана баладан, қаншама адам бауыр мен ата-анадан айрылды. Оған жауапты әлі іздеп келеміз. Не болсада бұл сол жылдағы тарих тағылымында қала бермек...

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Түркістан» газеті
2. «Ана тілі» газеті
3. «Елорда» газеті

**ТАҒДЫРЫ ТӘЛКЕККЕ ТҮСКЕН КИЕЛІ САТЫБАЛДЫ ИШАН  
ӘУЛЕТТЕРІ**

*Шәптібай Байділдин, қолөнер шебері, өлкетанушы. Арқалық қ.,  
Қазақстан*

*Бұл мақалада Торғай өлкесінің діни шамшырақтары Сатыбалды ишан әулеттерінің тағдыры баяндалады. Киелі әулеттен шыққан ұрпақтарының қазақ халқы үшін сіңірген еңбектері және Қазақстаннан тысқары елдерде атқарған қызмет жолдары көрсетілген. Десекте, Кеңес Одағы кезіндегі нәубет Сатыбалды ишан әулетін айналып өтпегені байқалады.*

Киелі Торғай өлкесінде неше алуан батырлармен, байлармен қатар барша ғұмырын Ұлы Жаратушының ақжолына арнаған діни шамшырақтарымыз көп болған.

Қазақстан діни басқармасының бастығы Әбсаттар қажының «Мешіттер мен медресілер» атты кітабында біздің Қостанай – Торғай өңіріндегі мешіттер мен медресілер өте аз айтылады. Ертеде Торғай уезінде 54 мешіт 59 медресе болған. Онда 457 бала оқыған. Ал мына Жыланшық өзені бойында Ұлытау мен Ақкөл аралығында оннан аса мешіт, медресе болған.

Оның бүгінде кітапта аты қалғаны Жүзбай қажы мешіті және мұнарасы мен қабырғасы қалған Дулығалыдағы Арыстанбайұлы Құлмұхаммед ишан мешіті.

Одан беріректегі бұрынғы «Жыланшық» кеңшары көлеміндегі Әбдіғапар ханның әкесі Жанбосын мешіті, Батпаққарадағы Сатыбалды ишан әулеттері мешіті жайлы атала бермейді. Тіпті осы киелі Сатыбалды ишан және оның әулеттерінің кім екенін бүгінгі ұрпақ біле бермейді. Торғай топырағынан шыққан діни шамшырақтар Науан хазірет, Дәмолла Байту, Дәмолла Кәтен, Бейіс хазірет, Оспан қожа, Салих молда, Жүзбай қажылармен қатар өмір сүрген осы топырақта туып, дін жолын қуып өмірінің көбін сыртта өткізген Сатыбалды ишан (лақап

аты Қыпшақ ишан) Ғабдоллаұлы кәзіргі Аманкелді ауданы іргесіндегі Шомақ Қарасуында Хан Сығай әулетінде 1826 жылы дүниеге келген.

Әулетінде бала шетінеп тұрмағаннан кейін қазақы дәстүр бойынша ағайындары баланы туысымен алып кетіп ата-анасына қайта сатады. Сәбидің аты осыдан барып Сатыбалды аталады. 7-8 жасында ата-анасы қайтыс болған баланы кіндік әкесі Шомақ тәрбиелейді.

Балаға түсінде «Ақбура әулие» сен Бұхар, Тәшкенге оқуға бар деп аян береді. Осылай оқу жолына талпынған жас әуелі Тосындағы жездесіне паналап бір жыл оқып, одан Ташкентке жетіп медресеге түседі. Осылай діни оқу жолы басталады. Өзін оқытқан ұстазы талапты, талантты жасты өзіне бала етіп алып тәрбиелейді. Осылайша алғашқыда Ташкентте, кейін Бұхарада 14 жыл оқып шығады. Өзбек қызымен тұрмыс құрады. Орта Азия діни мұсылмандар басқармасының алдында сынақ тапсырып, үздік ғұлама ғалым ретінде ишан атағын да алады.

Сайрамдағы «Қараоба» деген жерді алып ол жердегі қаптаған ордалы жыланды дұғамен көшіріп, бұрын жұрт қорқып жоламаған жерге мешіт, медресе салдырып, су дирмен орнатып, түрлі жеміс-жидек ағаштарын еккізіп, бос жерлерге бидай, жүгері, бау-бақша салдыртқан.

Сатыбалды ишан 1862 жылы Мекке, Мәдинаға қажылыққа барады. Сол замандағы Торғайды билеген төре Сүлеймен правитель жасауылы Сүйін Орысұлы деген азамат Сайрамдағы «Қыпшақ ишан» аталып жүрген Сатыбалды ишанды көріп правитель арқылы елге шақыртады. Арнаулы шақырумен келген ишан өзінің ата мекені Батпаққараға келіп орналасады. Ол кезде бұл жер ну тоғай қалың батпақ екен. Ішінде әртүрлі аңы, әсіресе жыланы өте көп болады. Сатыбалды ишан келіп қаптаған жыланды дұға оқып көшіреді. Ағайындары осы жерге келіп үй сала бастайды. Шағын мешіт салдырады. Сатыбалды Ишанды елде қалдыру мақсатымен Торғайдың игі жақсылары ақылдасып Мадияр Қабақтың қарындасы Әйің атты қызды Сатыбалдыға үшінші әйелі етіп алып береді. Араға біраз уақыт салып ишан Сайрамда қалған екі әйелі мен балаларын көшіріп алып келіп Батпаққараға түпкілікті тұрақтайды.

Ағаштан үлкен мешіт, медресе, бірнеше үй салғызып, әртүрлі жеміс ағаш, қауын, қарбыз еккізеді. Халықтың діни сауатын ашып, әр жерден мешіт медреселер салуға басшылық жасайды.

Ишанның үш әйелінен алты ұл, үш қыз туған. Олар Мырза ишан (Жәлелидден), Зияуидден, Шәріп (Шаһауееден) Жамал (Жамалееден), Әкімал (Акмалиден), Файзолла, Қамбатша, Әсияхан, Шарайхан. Осы ишан әулеттері кеңес заманында жазықсыз қудаланып, көбісі жат жерде кебіні жоқ, көрі жоқ ажал құшты.

Сатыбалды ишан 1898 жылы күзде өз ажалынан қайтыс болған. Сатыбалды ишан қайтқанда ақын Нұржан Наушабаев жоқтау шығарған.

Келесі 1899 жылы баласы Мырза ишан Ташкенттен арнайы шебер алдырып Бұхар үлгісімен үлкен кесене тұрғызған. Осы кесене күні бүгінге дейін аман-сау көркін сақтап тұр. Төргі бөлмесінде Сатыбалды ишан, екінші бөлмесінде (ауызғы) сол жақта Кәлпе Тепекұлы Омар (руы лақ) оң жақта баласы Құран қари Файзолла ишан жерленген. Сатыбалды ишан кесенесін сырттай білгенмен ішінде кімдер жатқанын екінің бірі біле бермеуі мүмкін.

Үлкен баласы Мырза ишан, Әкімал, Жамал 1-желтоқсан 1937 ж. тұтқындалып, 11 желтоқсан 1937 ж. атылған. Шапауидден және Файзолла ишан дінбасы ретінде ұсталып, жазаға тартылады [1, 128 б.].

Ал Зияуидден мен Нұридден 17 қаңтар 1930 жылы ұсталып нақты кінасы болмағандықтан босатылады. Айдауға кеткен бес баласынан аман оралғаны Файзолла ишан ғана. Сатыбалды ишан балалары Мырза ишан, Зияуидден Мухтасиф, Файзолла ишан Торғайдағы бірнеше мешіттерде имам болып, мұсылмандық жолына халыққа қалтқысыз қызмет атқарған діни шамшырақтар.

Сатыбалды ишан Бұхардағы Көкілташ медресіндегі дін ғұламаларынан білім, Құран ілімін, шарифатты жете меңгерумен қатар көріпкел әулие адам болған. Оған дәлел Сайрамдағы ордалы жылан патшасымен арбасып жыланды бір түнде көшіріп орнына мешіт медресе салады. Осы мешіттің ашылуына жиналған софылар мен шейхтар Сатыбалдыны сынау үшін Молдеке шын ғұлама болсаңыз, «бойыңыздағы күдіретті» көрсетіңіз дейді. Әулие оған және серіктеріне бұрылып: аспанға қараңдар дейді. Бәрі аспанға қарайды. Көктен бір аққу ұшып келіп, мешіттің күмбезін бір-екі рет айналып, ғайып болады. Бір байдың кең сарай үйінде түнде елес пайда болып бай қорқып Сатыбалдыға жағдайды айтады. Ишан екі күн сол үйге келіп мұсылман перілерін дұғамен басқа жаққа көшіреді. Үйдегі елес кетіп, үрей басылады. Патшалық Ресей дәуірінде Торғай жерінен Дүйсен Тамшыұлы басшылығымен Меккеге бір топ адам барады. Араларынан Шәкет деген руы Құттық қайтыс болады. Ол кісіні Меккеде жерлейді. Болған жағдайды үйде отырып көріп отырған Сатыбалды Меккеден келген әулие Дүйсеннен Шәкет ағамызды қалай жерледіңіздер деп сұрайды. Сонда Дүйсен, Сатекке жерлеу кезінде Меккеде арамызда жүрдің, намаз кезінде алдыңғы сапта тұрдыңыз. Мұны неге менен сұрадыңыз дейді сәуегей қажы. Мына ғажапты естіген жиналған халық қайран қалады.

Сатыбалды қажы екінші рет қажылыққа барғанда түсінде әйелі Әйің босанып ұл туғанын көреді. Түсінің қате болмайтынын білетін көрікпел елдегі досы Дүйсен қажыға хат жазып баланың атын «Қажы Қари Мұхаммед Файзолла» қоюын өтінеді [1, 129 б.]. Міне екінші Ұлы атақты Құран Қари Файзолланың болашағын тумай жатып болжап келешекте үлкен діндар құран-қари болатынын болжаған әулие.

Ел аузында Сатыбалды ишанның парасаттылығы мен адамгершілігі, дін жолына адалдығы мен әулиелігі, халықты тұрақты тұрмыс кешуге бейімдеудегі іскерлігі күні бүгінге дейін аңыз болып айтылып келеді. Халық құрмет тұтқан

киелі әулие адам өзі туған топырақта мәңгілікке тұрақтады. Әулеті мен халқы басына ескерткіш кесене орнатып, есте қаларлықтай ас беріп құран бағыштатқан. Беріде аудан орталығындағы мешіт Сатыбалды ишан атымен аталды.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары алты баласы айдауда жүргенде халық күшімен салынған мешітті, балаларының 17 бөлмелі қызыл үйіне үкімет тартып алып өз игілігіне пайдаланды. Сол үй 1972 жылы бұзып, содан үш үй салған. Осы ойранды отызыншы жылдың ортасында аудан орталығынан 5-6 қызыл там құлатылған. Соның ішінде Ұлы Жаратушының құдретімен аман қалғаны Сатыбалды ишан Ғабдоллаұлы кесенесі. Бұныда бұзуға ұмтылған имансыздар айын жұлам деп төбеден құлап, бірі жерде мерт болған. Ұзақ жылдар бойы мешіт клуб үйі, 17 бөлмелі қызыл үйді милиция бөлімі мекендеп талайды тар қапаста зар жылатты. Әрине осы киелі әулет тұтынған мешіттіде, медресеніде, қызыл үйді де жанашыр үкімет, қамқор басшы болса көненің көзі, тарихи ескерткішіміз деп сақтар еді. Өкінішке орай осындай қолда бар тарихымызды өз қолымызбен бұздық, асылдарымызды жазықсыз айдауда, қамауда ажал құштырдық, олардың әулеттерін әсіресе діни шамшырақтардың көзін жою жоспарлы жүрді. Тірі қалғанына жазықсыз жала жабылды. Осы нәубет Сатыбалды ишан әулеттерінде айналып өтпеді.

Сатыбалды ишан балаларының бәріде дін жолына адал қызмет еткен. Үлкен баласы Мырза ишан 1904 және 1922 жылдары қажылыққа барған. Арасында Мәдет қажылыққа барған. Батпақарада қызыл кірпіштен үлкен мешіт, медресе ғимаратын, 17 бөлмелі тұрғын үй салдырған, халықты дін жолына тәрбиелеген кісі осы Мырза ишан. Бүгінде ұрпақтары Аманкелді ауданында тұрады [1, 130 б.].

Сатыбалды ишан Меккеде қажылықта жүріп түсінде өмірге келетін сәбиіне Қажы, Қари, Мұхаммед Файзолла деп ат қойған баласы өсе келе әке жолын қуып құран қари, ақын болған Файзолла бабамыздың тағдыры мен өмір жолы өте күрделі. Пешенесіне жазған ауыр тағдырға мойымай, қанша азап, аяусыз қатал жаза, ұмытылмас қорлық көріп, жазықсыз жапа шегіп, қудалау мен айдауда, тар қапас пен тас түрмеде жүрседе аузынан Алласы, көкейінен иманы, болашаққа деген сенімі кетпегенін көреміз. Өткен өміріне көз жүгірткен сайын өзінің жеке басының амандық қамы емес, тағдырлас азаматтардың бәрінде төзімділікке шыдамдылыққа шақырған ақылғой парасаты мен адамгершілігі, тарыққан көпті имандылыққа, адалдыққа шақырып бір Алладан медет сұрауға шақырған абыз-қамқорлығы талай азаматтардың сол тозақтан аман оралуына себеп болған шығар. Тар қапаста отырып елдің болашағын болжаған, келер шуақты, азат күнге сенімі әр өлең жолынан кездеседі. Сау басы саудаға түсіп, тағдыры қыл үстінде тұрсада тас түрменің, тас түнек қараңғылығында отырып май шамның жарығымен «Тоқымбет-Гүләйім» дастанын жазуы кім-кімгеде ой салса керек. Осындай қиын тағдырға мойымай, сол күш қуаттың арқасында қапастың қабырғасын қаңыратып азаттыққа шыққан, әр сөзі ұран, әр дұғасы иман болған

Қажы, Қари Мұхаммед Файзолла ишан Сатыбалдыұлы жайлы бүгінгі ұрпақ білеме?

Бұрында баспасөз бетінде жарық көрген материалдарды саралай отырып бізде өткен ғасырда өмірден баз кешкен киелі азамат жайлы, бүгінгі оқырманға ақын жайлы, оның әулеті жайлы ой қозғайық.

Қажы, Қари Мұхаммед Файзолла Сатыбалдыұлы 1883 жылы 27 қыркүйекте кәзіргі Аманкелді ауданында туған. Файзолла 7 жасында ауыл молдасынан, 8 жасында өз әкесінен, 9 жасында Троицкідегі Ахон Хазіреттен оқып, 10-17 жасында Бұхар Шәріпті (діни жоғары оқу орны) тәмамдап, Самарқанд, Ташкент, Түркістан Бұхарада болып, Құран Қари атағын алып 1900 жылы елге оралғанда әкесі Сатыбалды дүниеден өткен [1, 131 б.].

Елден жырақ Троицкідегі әкесінің досы Ахон Хазіретке барып мешіт, медреседе қызмет істейді. Татар байы Яушевпен, ақын Мұханбетжан Сералинмен танысады. 1901-1906 жылдары Торғай қаласындағы уездік мешіт, медреседе қызмет атқарады. Ал бұл жерде Науан Хазірет, Дәмолла Байту, Кәтен, Бейіс Хазірет, Оспан қожа, Салих молда Таласпай молда салған діни жолды жалғастырады.

1906 жылдың аяғына қарай Батпаққараға оралып, әкесінің мешіт медресесінде ұстаздықпен айналысады. Бұл қызметті 12 жыл атқарады. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1918-1923 жылдар арасында болыстық милиция бөлімінде бастық болып қызмет атқарып, 1923-1928 жылдар аралығында мешіттерде имам болады.

1928 жылдың желтоқсан айының басында «діншіл, зиянкес жат элемент» ретінде тұтқындалып Қостанай қаласына түрмеге айдайды. «Затобольға» барған жерде милиция бастығы ал кәзір «Ақ түрмеге» кіресіңдер аздап дем алыңдар деп кеңшілік жасайды. Файзолламен тұтқын болып бірге келе жатқан төлек Жәуке батырдың немересі Тойшыбек Файзеке өткенді, бүгінді, келешекті қосып бір-екі ауыз өлең шығаршы дегенде:

Тойшеке, қатарыңнан асып тудың,  
Атаңның ер Жәукедей жолын қудың,  
Келгенде алпыс жасқа «бай-құлақ» боп,  
Бейнетке бекемденіп белің будың деп табан  
жолда бірнеше ауыз өлең шығарған Файзекең.

Сонда Тойшыбек әй! Файзолла! Үкімет сені дұрыс тұтқындаған сен ана жаққа емес мына жаққа бізге керексің деген екен.

Файзолла ақынмен бірге түрмеде Қараш Жүсіпбекұлы да отырады. Әрі Файзекеңе жиен болса керек. Сол кісінің айтқан бір естелігі ойға оралады. Бұл кісілер 1929-1935 жылдар Іле, Алматы, Ақтеңіз-Балтық, Москва, Новосібір каналдарын қазуға қатынасады. Осы Ақтеңіз-Балтық каналын қазып жүргенде Тәжікстаннан 70-80 тұтқынды айдап әкеліп жұмысқа қосады. Олар орысша білмейді. Парсы тілін білетін адам іздейді[1, 132 б.]. Осы тәжіктерге Файзолла



аудармашы болып жұмыс атқарады. Келесі жер қазған басқа бригадада Қызылорданың облыстық газетінде қызмет атқарған Нұрмағанбет деген ақын жігітпен Файзолла жұмбақ өлең шығарып айтысады. Тұтқынның ішіндегі ең жасы Қарашқа (18 жаста)

Файзекең өлең жазған қағазды береді. Бұл Нұрмағанбетке жеткенше өлеңін жаттап алады. Ал Нұрмағанбет өлеңін Файзоллаға әкелгенше жаттап үлгереді. Осы Ақтеңіз-Балтықта Міржақып Дулатовта бірге отырады. Кейінде Міржақыптың дәрігер болып орыс әйелге үйленгенін, ол әйел Міржақыпты жерлеп басына ескерткіш қойғанын елге жеткізген осы Қараш. Бірақ бұл кісінің еңбегі еш жерде аталмайды. Тұла бойы тұнған тарих еді жарықтық.

Файзолла нағашысы Міржақыпты көріп тұрады, ал Мағжан Жұмабаевпен екі жыл 5 ай түрмеде бірге отырады. Жазасын алты жылда өтеп, 1935 жылы Алматыға оралып Әлібиге кездеседі. Алматыда қазақтың ұлттық киімдерін тігетін шеберлер жұмысын басқарады. Әліби Жанкелдиннің кеңесімен елге оралмай Башқұртстанға, одан Солтүстік Қазақстанға, Қарағанды облысының Нұрасына тұрақтайды. Араға он жыл салып Қостанай облысының Әуликөліндегі досы Әлмұхаммед Оспанұлына көшіп келіп, 1946 жылы туған жері Батпаққараға 63 жасында оралады. Сол кездегі кеңестік жүйе, жергілікті шала сауатты, жандайшап белсенді басшылар осы асыл азамат көз жұмғанша қоқан лоқы жасап маза бермеді деп қарттар айтып отыратын.

Файзолла Сатыбалдыұлы Ұлы Жаратушы бір басына жетіп артыларлық өнер берген ерекше қасиетке ие киелі азамат екендігінде дау жоқ. Бабасы аян беріп жастайынан діни оқуды бастаған діндар, Құран Қари, (Құранды толық жатқа білетін адам) көріпкел, әулие, теңдессіз ақын, он қолынан өнер тамған айтулы шебер, араб, түрік, орыс тілін жетік білген ғұлама ғалым. Өттең не керек, осы ғұлама дін қайраткерлерінің тағдырына құдайды мойындамайтын үкімет кездеспесе тағдырына балта шауып, әулетін қудаламаса, жазықсыз жалған жаламен үнемі үреймен өмір сүргізбесе ол кісілердің халыққа дін, өнер, білім таратудағы еңбегі қаншама игілікті, жемісті, зор болған болар еді [1, 133 б.].

Түрмеге салып, тиым салғанменде аузынан Алласы, қолынан Құраны, жадынан тәубәсі мен шүкіршілігі түспеген. Қапастағы бірге отырған азаматтарды сабырлыққа, төзімділікке, шыдамдылыққа, имандылыққа, келешекте жақсылыққа кенелетініне сендіреді.

Елуінші жылдары жазықсыз жаламен сотталған Шменбайға абыз қария 62 ауыз өлең жолдаған.

Шменбай сізге жаздым амандық хат,  
Жүрсізбе есен-аман, сау саламат  
Шаттықпен тірісінде ойнап-күліп,  
Қосуға нәсіп етсін жаратқан хақ.  
Қайырлы сапар болсын маңдайы  
ашық, Кездеспей кетпейтұғын

болған нәсіп. Қайтарсың дүние  
көріп сайран етіп, Замандас  
кұрбылармен көңіл ашып...

...Емессің ала қайғы көптің кірі.

Қалғаны бейнетіңнің көйлек кірі. Тең құрбы замандастар жүрген жоқпа,  
Неше боз мыңнан шыққан жігіт гүлі... өлең жолдары сабырлыққа,  
шыдамдылыққа, төзімділікке шақырып жалғаса береді[1,

134 б.].

Бір күні іздер бізді халық болып,  
Алдымыз күн көзіндей жарық  
болып.

Ахмет, Міржақыптар танылар-ақ, Бір туар, қайталанбас алып  
болып деп келер күнді болжаса, Қиянат кетпес – тоқтаусыз,  
Әділсөз қалмас – құптаусыз. Күндердің күні болғанда, Міржақып  
кетпес жоқтаусыз деп Ұлы ақынның өз ортасына, өз Отанына  
ораларын болжаған әулие емеспе?

Ахметке арнаған өлеңінде:

Айрықша артық көрген Ғазиз  
досым, Жоқ еді қысқада-кем,  
ұзында-өшің.

Алаштың қамын жеген азамат-ең,  
Сүйреген алға қарай қазақ көшін  
деп Алаш көсемінің ерекше  
еңбегімен Қыйлы тағдырын сөз  
етеді.

Жас кезімізде Нұржан атамның:

Аққу ұшып қаз қонады

Айдын көлді жағалай деп өлеңнің алдыңғы екі шумағы аққу мен қазға  
бағытталған ұзақ өлеңдер шумағын айтып отырғанын естігенім бар еді. Әніде  
кұлаққа өте жағымды болатын.

Файзолла ақынның түрмеде шығарғын өлеңі деп отыратын. Әкесі аққуды  
шақырып әулиелігіне сенбеген жұртты қайран қалдырса, баласы аққу мен қазды  
әр шумақ өлеңінің алдыңғы екі жолына қосып отыруында өзіндік бір сыр болу  
керек. Бұл кісінің жазған өлең дастандарын, ғибратты ойлары мен діни  
уағыздарын талдауға шама жете бермейді.

Файзолла ақынның еңбектері әсіресе өлең дастандары толық зерттеліп,  
мемлекет деңгейінде толық әділ бағасын алған жоқ. Бұл кісі мамыражай  
тіршілікте отырып өлең шығаруға мұршасы болмады. Бүгінгідей кеңшілік  
заманда болса артында қаншама баға жетпес мол мұра қалған болар еді.

Болсада көкірегім алтын көмбе,  
Менде бір бағы жанбай кеткен  
пенде.

Асығыс ғайбаттама не істеген деп,

Боларсың қысым көрсең мендей сенде деп бойдағы алтын қазынаны  
халыққа жеткізе алмағанына қаналады[1, 135 б.].

2022 жылы Құран Қари ақынның туғанына 27 қыркүйекте 139 жыл толады. Осыған орай аудан орталығындағы мешіт жанынан жеке медресе неге ашпасқа, пайдасыз ойын сауық отауы мен шарапхананы көбейткенше? Тәрбиелік мәні бар діни шаралар ұйымдастырылса, ғылыми конференциялар өткізіліп, ақындар айтысын өткізсе, аруағына арнап Құран бағышталса нұр үстіне нұр болған болар еді.

Әулеттері қолдан келгенше талаптанып жазықсыз жапа шеккен бабаларына ескерткіш тақта орнатты. Арқалыққа қарасты Ашутасты ауылы, ауыл мешітіне Құран Қари Файзолла ишан атын берді, көптеген азаматтар Сатыбалды ишан кесенесін жөндеуге ат салысты.

Өткен ғасырдың екінші жартысында Торғайлық ақын Назарбек Бектемісов Файзолла қолжазбаларын араб қарпінен аударып көпшілікке ұсынды.

Файзолла ишан еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығын аңсап оған келешекте қол жететіне сенген. Оны мына өлең жолдарынан көруге болады. Ей қазағым, кештің тағдыр күрделі, Сендей болсын-болса бір Ұлт зерделі. Құрбандығың болар едім жолыңа, Ел болсаң сен – өз алдыңа іргелі.

1920 жылы жазылған ақын арманы бүгін орындалды.

Қажы, Қари Мұхаммед Файзолла ақын өзінің өмірден озарын болжап ел азаматтарына қайтардан 6 күн бұрын өсиет өлең жазған.

Қош, елім жерің-суың аман  
болсын, Ырысты, ынтымақты  
заман болсын. Бөлінбей жүзге,  
руға бірлік сақта, Атағы Атам  
Қазақ ұран болсын.

Бұл жеті шумақтан тұратын өлең жолдарын қайтардан алты күн бұрын шығарған. Жерлеуін ұйымдастыруды Қирақайдың Молдағалиына, жаназасын шығаруды Мұхтасиф Әлмұхаммед Оспанұлына, аманаттаған. Денемді жеті күн үйде сақта деп өсиет жасаған. Файзолла ишан 26 желтоқсан 1959 жылы 76 жасында дүниеден

озған. Өсиеті бойынша денесін 7 күн сақтап 2 қаңтар 1960 жылы әкесі Сатыбалды

ишан кесенесіне жерлеген [1, 136 б.].

Ақынды жерлеуге Троицкіден Ахон Хазірет пен Зейнолла Хазірет балалары, Жітіқарадан Мұстафа қажы, Ақтөбеден Сағидолла қажы, Әуликөлден

Қияметтін досы Мұхтасиф Әлмұхаммед Оспанұлы, Торғайдан Оспанқожаұлы Мұхаммед Уәли, Батпаққарадан Дамолла Смайыл Байгелұлы, Қоқанбекұлы Өтеш, Сейтмағанбет, Жарман молдалар келген. Ақынды халық жеті күн жоқтап соңғы сапарға аттандырған. Файзолла ишанның артында мол мұрасы, халық жадында тар қапаста шығарған өлеңдері жатталып қалды.

Киелі әулеттен шыққан табиғатынан асыл зада болып туған Қажы, Қари Мұхаммед Файзолла Сатыбалды ұлы еңбектері халық жадында мәңгі сақталары анық. Қатарынан артық туған діни шамшырақтарымызға Ұлы Жаратушы иман, халқына бірлік – береке берсе екен деп тілеймін!

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 1.

Байділдин Ш. Тарихымызды түгендейік. – Нұр-Сұлтан, 2022. — 388 бет.

## «АЛЖИР» ЛАГЕРІ МЕН ОНДАҒЫ АЗАП ШЕККЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӨМІР ТАРИХЫНАН ДЕРЕКТЕР

*Асылбеков Есбол Сенбекович тарих пәні мұғалімі, тарих магистрі  
Шымкент қаласы, Қазақстан*

*В 30-40-е годы XX века руководство СССР предприняло попытку превратить Казахстан в страну лагерей. Так на территории страны один за другим открывались лагеря Карлаг, Степлаг, Жезлаг и др.*

*Один из них женский лагерь, который в народе назывался «АЛЖИР», располагался недалеко от современного города Астаны. Сюда привозили женщин, осужденных по политическим обвинениям, со всего Советского Союза. Это были жены, матери, дочери известных государственных и общественных деятелей страны.*

Қасиетті қазақ даласы талай зұлмат кезеңдерді бастан өткерді. Соның бірі ХХ ғасырдың 30-50 жылдардағы қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандары. Қазақ халқына көп қасірет пен қайғы әкелген сұрқия саясаттың озбырлығынан қаншама көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтарымыз мерт болды .

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық. Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті

емес, бүкіл қоғамның парызы. Осы ғылыми жұмыс Отанын сатқандардың Ақмола лагері немесе «АЛЖИР»-дегі жазықсыз аналар, әйелдер, әпке-қарындастар, қыздардың ауыр жағдайы, *әйелдердің* ақталу процесі барысындағы құнды дерек көздері негізінде жазылған.

1937 жылғы 15 тамыздағы КСРО-ның ПХК-ның № 00486 бұйрығы Отанын сатқандардың отбасы мүшелеріне қарсы жаппай қуғын-сүргінді бастауға мұрындық болды. Бұл құжат ең алдымен саяси айып тағылғандардың әйелдерінің кінәсін еш дәлелдемей – ақ қамауға алуға және лагерлерге жіберуге құқық берді.

Ақмола облысы, Малиновка ауылының аумағында (Астана қаласынан 40 км) өткен ғасырдың 1937-1953 жылдары аралығында ОСОМ, яғни отанын сатқандардың отбасы мүшелерін бас бостандығынан айыру үшін құрылған ірі арнайы бөлімдердің бірі орналасқан. Ол отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері (АЛЖИР).

Ақмола лагері (Алжир) арнайы бөлімшесі жұмыс істеген барлық кезеңде одан 5 мыңға жуық әйел өткен.

ОСОМ ( әйелдері, аналары, әпке-қарындастары, қыздары) әлеуметтік қауіптілік дәрежесіне қарай кемінде 5-8 жыл мерзімге лагерьлерде бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. Шындығында әлеуметтік қауіпті ОСОМ емес, сотталған адам екенін ескерген. Егер сотталушы өлім жазасына кесілген болса, көбінесе олар осы бап бойынша ең жоғары мерзім - 8 жыл алатын. Егер сотталушы жазасын лагерьде өтесе, онда ең қысқа дегенде 3 жылға дейін мерзім алатын. Лагерьдегі әйелдер бостандыққа шыққанға дейін күн санап, жазасын өтегеннен кейін оларды жаңа өмір күтіп тұр деп сенді. Алайда Алжир тұтқындарын босату процесі айтарлықтай кешіктіріліп, көптеген қиындықтар туғызды.

Әйелдерді лагерьден босату бір реттік іс-әрекет ретінде емес, кезең-кезеңімен жүзеге асырылды және бұл жазалау мерзіміне ғана емес, КСРО НКВД-ның тиісті нұсқаулығына да байланысты болды.

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1930 жылғы 7 сәуірдегі шешімі бойынша, белгіленген жаза мерзімі өткеннен кейін тұтқын лагерь әкімшілігінің бұйрығымен ешқандай тергеусіз, сот шешімін күтпей-ақ дереу босатылды немесе Біріккен мемлекеттік саяси басқарма шешімімен босатылды. Бұл бұйрық көп жылдар бойы қолданыста болды.

1941 жылы 22 маусымда КСРО НКВД және КСРО Прокуратурасының № 221 директивасы шықты, оған сәйкес «контрреволюционерлерді, қарақшыларды, рецидивистерді және басқа да қауіпті қылмыскерлерді лагерьлер, түрмелер және колониялардан босатуды тоқтату керек» деді. [1] Бұл бұйрық ОСОМ әйелдеріне де қатысты болды, олар қауіптілігі бойынша бандиттермен және рецидивистермен теңестірілді, ал ең аз дегенде 3 жыл мерзімге ие болғандар, егер соғыс басталғанға дейін мерзімі аяқталмаса, әлі де лагерьлерде қалуы тиіс болды.

1942 жылы 29 сәуірде № 221 Директиваға өзгерту ретінде жаңа № 185 Директивасы шықты, онда былай делінген: « 1941 жылғы 22 маусымдағы 221 Директиваға сәйкес лагерьлерде, түрмелерде және колонияларда жазасын өтеген тұтқындар қамаудан босатылды,соның ішінде мемлекетке опасыздық, террор, тыңшылық, диверсия, троцкистер, оңшылдар мен қарақшылар үшін сотталғандарды қоспағанда, олар соғыстың соңына дейін қамауда болатындығын хабарлады. Жазасын өтеген барлық тұтқындар соғыс біткенге дейін лагерь аймағына бекітіліп, кетуге құқығы жоқ азаматтық тұлғалар ретінде НКВД лагерьлерінде жұмыс істеуге қалдырылсын». [1,б.160]

1942 жылғы 11 қарашада № 185 директиваға қосымша НКВД мен КСРО Прокурорының № 494/121С.с. тағы бір нұсқауы шықты, оған сәйкес НКВД-ның лагерьлері мен колонияларында еркін жалдау бойынша жұмыстарға қалдырыла отырып,директива тәртібімен № 185 болып босатылған тұтқындарға қолдарына паспорт бермеуге, лагерьлер (колониялар) тек тиісті анықтама берумен шектелуі тиіс болды. [1,б.167] Жалпы алғанда,мерзімі аяқталған 60 мыңға жуық тұтқын болды, бірақ олар лагерьде ерікті жалдамалы жұмысшы күйінде қалуға мәжбүр болды. [2]

1945 жылғы 7 шілдедегі "Гитлерлік Германияны жеңуге байланысты рақымшылық жасау туралы" жарлық көптеген тұтқындарды жазадан босатты,сонымен қатар революцияға қарсы қылмыстар,социалистік меншікті ұрлау,бандитизм,жалған ақша жасау,қасақана кісі өлтіру,қарақшылық үшін сотталған адамдардың қалған мерзімін жартылай қысқартты. [3] Өкінішке орай, көптен күткен рақымшылық саяси қылмыстар үшін сотталғандарды айналып өтті, ең көп 8- жыл мерзімге сотталған әйелдердің көпшілігінің уақыты бітсе де, арнайы бұйрық шыққанға дейін сол жергілікті жерде қалуы керек деді.

Ақырында,1946 жылғы 24 маусымда « КСРО НКВД директивасының күшін жою туралы №00585/00251/107С.с. КСРО- ның ішкі істер министрінің, КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік министрінің және КСРО Бас Прокурорының 1941 жылғы 22 маусымдағы № 221 және 1942 жылғы 29 сәуірдегі № 185 және одан кейінгі толықтырулар енгізу туралы қамаудағылардың кейбір санаттарын қамау орындарынан босатуды жөнінде бұйрық шықты.Жазасын өтеген және лагерьге еркін жалдану жағдайында жұмыс істеу үшін қамауға алынған адамдарды оларға паспорт туралы ережеге сәйкес режимдік шектеулер қолдана отырып,жұмыстан босату ұйғарылды.Оларға (жеке іс бойынша қолхатпен) КСРО-ның кезкелген аймағында,режимдік жерлерден басқа,тұруға рұқсат етілгені, кету кезінде тиісті құжаттар мен жол жүру билеттерін бергені туралы хабарланды.Жаза мерзімін өтеген,бірақ соғыс аяқталғанға дейін түзеу-еңбек лагерлерінде ұсталғандарды қамаудағылар мен ерікті жалдамалылар жағдайында босату-біртіндеп жүргізілсін және 1946 жылғы 1 қазанға дейін аяқталсын.Алдағы уақытта сотталғандарды КСРО ПМ қамау орындарынан олар үшін белгіленген жаза мерзімі аяқталған күні босатсын». [4,б.165]

Тұтқындардың есеп карточкаларында ешқандай заң бұзушылық байқалмады: егер 8 жыл лагерьде жазаға кесілген әйел,мысалы,15.11.37 жылы сотталған болса, онда сол күні, 8 жылдан кейін, ол босатылды деп есептелді және карточкаға 15.11.45 жылы босатылды деп жазылған жазба енгізілді. Ресми мерзімі аяқталғаннан кейін әйелді тікенді сымның екінші жағына қоныстандырды.Ерікті жалдамалы ретінде ол өзінің толық босатылуын күтіп, бұрынғы орнында жұмысын жалғастырды.

Тұтқындарды мерзімінен бұрын босату туралы мәселеге келетін болсақ,ол әйгілі 58бап бойынша сотталған әйелдерді де айналып өтті.Кеңес мемлекеті мен құқығының тарихында әйелдерді мерзімінен бұрын босату туралы құжаттары белгілі.Мысалы, 1923 жылы 5 наурызда КСРО БОАК-ның әйелдерді мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы Декреті шықты.

Бір жылдан кейін,1924 жылғы 22 ақпанда ОСК-ның тағы бір Декреті шықты, онда былай делінген: "өткен жылғы тәжірибенің негізінде рақымшылық жасау салдарынан қамаудан босатылғандардың,кездейсоқ немесе мұқтаждығы бойынша қылмыс жасағандардың,жұмысшылар мен шаруа әйелдерінің адал еңбекке оралғанына көз жеткізгеннен кейін,ССРО Одағы ОСК Төралқасы қаулы етеді және осы жылы шартты түрде босатылсын". Әйелдер мерекесі күніне жарты немесе одан да көп жаза мерзімін өтеп жатқан шаруалар мен жұмысшылар қамаудан босатылсын, олардың жаңа қылмыс жасау мүмкіндігі қауіп төндірмейді".[5]

Бұл 20 ғасырдың 20-жылдарындағы жағдай болды. Бірақ 30-шы жылдары,репрессиялық машина қарқын алған кезде, босатудың мұндай тұжырымдары мен себептері мүмкін болмады.Мысалы,КСРО Кеңесінің президиумында тұтқындарды мерзімінен бұрын босату туралы мәселе туындаған кезде Сталин өзінің түзетуін жасады: "біз жаман жасап жатырмыз, мұнымен лагерьлердің жұмысын бұзамыз.Бұл адамдарға босату, әрине, қажет, бірақ мемлекеттік шаруашылық көзқарасымен жаман.Ең жақсы адамдар босатылады, ал нашар адамдар қалады.Олар жұмыста қалдыратындай етіп, бұл істі басқаша қарауға болмас па екен?Осы жобаны бүгін мақұлдамай, Халық комиссариатына адамдарды орнында қалуға мәжбүр ететін басқа құралдарды ойлап табуды тапсырайық"-деді.Бұл ісәрекетке арналған ұсыныс нұсқаулық ретінде қабылданды.1938 жылғы 25 тамыздағы "НКВД лагерлері туралы" жарлықпен КСРО НКВД лагерлерінде жазасын өтеп жатқан сотталған адам сот белгілеген мерзімді толығымен өтеуі керек деп шешілді"[3]

Бұл ереже Берияның яғни, СССР Ішкі істер комиссарының 1939 жылғы 15 маусымдағы № 0169 бұйрығымен бекітілген .[6]

Міне осы кезде ОСОМ ретінде сотталған әйелдер лагерьлерді толтырған кезде,олар үшін лагерь бастығы немесе 3 бөлім бастығы өтініш бере алатын жағдайларды қоспағанда,тұтқындардың барлық санаттарын мерзімінен бұрын босатуға тыйым салу туралы бұйрық шықты. Осылайша, Ақмола бөлімшесінде

1939 жылдың екінші жартысынан бастап ерекше режимді алып тастаумен қатар, тағы бір маңызды оқиға орын алды: жазаның қалған мерзімін жер аударуға ауыстыру.

Мерзімінен бұрын босату мәселесін әйгілі ресейлік ғалым А. И. Солженицин талдады, ол "1939 жылғы кері шығарылым – бұл органдар тарихындағы керемет жағдай! Бірақ бұл антипоток аз болды, шамамен бір-екі пайыз". [7, б.83]

Сонымен, 1946 жылғы 24 маусымдағы № 00585/00251/107 бұйрыққа сәйкес, лагерьлердің максималды мерзімін алған әйелдер 1946 жылы босатылып, босату туралы анықтама, сондай-ақ құқығынан айыру туралы төлқұжат алып, жаңа өмір бастауға мәжбүр болды, өйткені бұрынғы өмірін жалғастыру мүмкін болмады. Егер лагерьде әйел тезірек босатылуға және бұрынғы өміріне оралуға үміт артса, әсіресе оны сол бап бойынша сотталғандар қоршап алып, онымен барлық жағдайы салыстырмалы түрде тең болғандықтан, оның көптен күткен бостандығына қол жеткізгесін, өзін жалғыз қалдырды.

Ол мерзімін өткізіп, жасамаған қылмысы үшін толық өтедім деп ойлап, бостандыққа шыққанда басқа әлемге түсті. Ал ол әлем оған жабық болды, себебі "халық жауы" деген таңба өмір бақи, яғни лагерьден кейін де қалды. Кеңестік жала жабудың арқасында Кеңес өкіметінің жауы деп жарияланған адам олардың пікірінше, социалистік жүйенің идеалдарына опасыздық жасаған деп барлық адамдардың жеккөрушілігін тудыратын, ел "халық жауларын" айыптап, әшкерелеу керек деген ойға үйренді. Кеңес халқы нағыз қылмыскерлерді түсініп, кешіре алды, бірақ "отанын сатқандарды" жек көруді үйренді. Жек көру сезімі олардың отбасы мүшелеріне де таралды.

Республикалардың астаналарында және басқа да ірі қалаларда тұруға тыйым салатын "минус 39" белгісі бар паспортты алған әйелдер барлық шын болмысымен бұрынғы үйлеріне барып, туыстарына оралуға тырысты. Егерде ол өз үйіне және өзінің туыстарына келіп, және сол туыстарымен бірге өмір сүре алатын болса, өзін бақытты деп есептеді. Әрине мұны істеу оңай болған жоқ, біріншіден, барлығы қамауға алынғанға дейін өмір сүрген ірі қалаларға бара алмады, екіншіден, баратын жері болмады, туыстары да, достары да, тіпті пәтерлері де болмады. Үшіншіден, туыстары әрқашан ашық көңілмен күткен жоқ. Жиі жұмысқа қабылданбады, тұрғылықты жерге тіркеуге қоюдан бас тартты.

Мысалы, Алжирдің тұтқынында болған М. Л. Даниленкода осылай болды. Оның естеліктерінен: лагерьден босатылғаннан кейін ол Украинаға келді. Онда оның ата-анасы мен ұлы қалған еді. Бірақ 1946 жылы құрғақшылықтан туындаған аштық мұндағы адамдардың ең жақсы қасиеттерін қалдырмады. Оның мұнда келуі өзі үшін де, туыстары үшін де тиімсіз болды.

Ұлы оны мойындамады, оған ата-анасы да көмектесе алмады және көмектескісі де келмеді. Мария Львовнаға Ақмолаға оралудан басқа ештеңе



қалмады,яғни оның қайта келуі оған да,айналасындағыларға да қалыпты жағдай болды. [6,б.141]

Армандар мен үміттер бір күнде құлдырады,олардың орнына ертеңгі күнге деген үміт пен сенімсіздік пайда болды.Өмір сүру үшін жұмыс істеу керек болды,бірақ бір жерге жұмысқа тұру өте қиын еді.

Лагерьден кейін де әйелдер бір-біріне көмектесуге тырысты.Жұмысқа орналасып,кішігірім үй алса, олар лагерьдегі достарын шақырып, біраз уақыт бірге тұрды.Осылайша Ақмолада және оған жақын орналасқан ауылдарда Алжирдің бұрынғы тұтқын әйелдері орналасып қалды.Біразы кейін елдеріне қайта оралғанымен,көбісі өмірінің соңына дейін сонда қалды.

Тұтқыннан босаған Қ. И. Мальцевой естеліктерінен мысал келтірейік: « екі шағын балалармен баспанасыз,аздаған ақша сомасымен қалған.Енді қайда бармақ? Алматыдағы достарына баруға тыйым салынған .Свердловскідегі туыстары да бұның келгеніне онша разы болмайды.Сондықтан Ақмолада қалуға тура келді. Мен жұмыс іздеп кәсіпорындарға бардым, бірақ кадрлар бөлімінде олар менің анықтамамды көргесін, қақпадан шығарып жіберді.Амал жоқ вокзалда ұлдарымен бірге қонуға тура келді.Тек нан мен суға амалдап ақшасын жеткізді . Соңғы ақшасын ұрыға алдырды.Қалтасында бір тиын қалмады». [8]

Бұндай жағдай жалғыз емес еді, мұндай жағдай көптеген әйелдерге тән болды.Жалпы бақытсыздық оларды бір-біріне мәңгілікке жақындатты. Тұтқыннан босатылғаннан кейін,осында Ақмолада қалғандар жиі бірге жиналып тұрды.Галина Рачкованың қызының әңгімесінен: "мереке күндері көптеген дәмді тағамдар дайындалды, өйткені бұл әйелдер сонша уақыт аштықта болды.Барлық мерекелерді бірге өткізді" [8]

"Босатылғаннан кейінгі әрбірінің ерік-жігері сақталмады", - деп атап өтті И. Н. Шубрикованың ұлы Константин.Көпшілігінен балалары бас тартты, ал басқаларының тіпті туыстары да қалмады. Біреулері Мәскеуге, Ленинградқа кетті.Анам екеуміз де жиналды.Оған әкем бұрын жұмыс істеген жерде-Фрунзе, Куйбышев, Новосибирскіде тұруды ұсынды. Ирина Николаевна тікелей партия комиссиясы төрағасының кабинетінде қызулана айтты: "Мен өмір бойы қайда өмір сүрдім,сонда қаламын", - деді.Олар оған мұнда үй салды,өмірінің соңына дейін осында агроном болып жұмыс істеп, қайтыс болды.Ал соңынан біразға дейін хаттар келіп жатты.Бұрынғы бөлімше бастығы Баринов жайлы көпшілігі жазды.Оны әйелдер құрметтеді, себебі,ол белгілі бір дәрежеде гуманист болды, бірақ бұйрықтың аты бұйрық екенін бәрі білді. Юзипенконың жайлы да жазды, тіпті ол анамнан оның қандай да бір еңбегін растауды талап етті». [9]

Айтпақшы, Алжир басшыларына баға берген әйелдердің барлық естеліктерінде пікір сәйкес келді және келесідей болды: «"Юзипенко бізбен менмендікпен сөйлесті, бізге "азаматшалар" дегеннен басқа ештеңе айтпады.Тағы бір бастық Баринов болса бізбен жұмсақтау сөйлесті. Ол бізге: қыздар,әйелдер қалай тұрып жатырсындар деп әрдайым сұрап тұрды.Кей кездерде тіпті бірқатар

жеңілдіктерге де барды. [8] Бұл бұрынғы тұтқын К.И Мальцеваның және басқа лагерде болғандарға тән ортақ пікір.

М.Т.Юзипенконың бұрынғы тұтқындармен хат-хабарлары сақталған, хаттар негізінен 60-шы жылдары жазылған. Достық мазмұнда жазылғаны көрініп тұр. Іс жүзінде бұл хаттардың барлығы жазу машинкасында басылғандықтан бір-біріне өте ұқсас. Бұл хаттарды егер де біреу оған арандатушылық сұрақтар қойған жағдайда көрсету үшін дайындап, үйінде сақтап қойған. [10] Жұмыстан кейін ол Целиноградта қалды, онда қайтыс болғанға дейін тұрды. Сонымен, лагерьден босатылғаннан кейін де әйелдерді қоғам қабылдамады және "халық жауы" деген таңбаны одан әрі қарай алып жүруді жалғастыра берді.

Революцияға қарсы қылмыстар үшін қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды ақтау 50 жылдардың ортасында болғаны және КОКП-ның XX съезінен кейін, сонымен қатар 1956 жылғы 30 маусымда қабылданған "жеке басына табынуды және оның салдарын еңсеру туралы" партияның ОК-нің қаулысынан кейін ерекше жанданғаны белгілі. ОСОМ ретінде сотталған әйелдердің барлығы дерлік 50-ші жылдардың екінші жартысында ғана ақталды. Оларды айыптау жөніндегі істерді әскери трибунал қайта қарады, қамауға алу туралы Арнайы Кеңестің қаулылары алынып тасталды және ақтау туралы анықтамалар берілді.

Кейбіреулеріне 1937-1938 жылдары шығарылған үкімдердің, оларды "халық жауы" деп санаған үкімдерді жою үшін он жылдан астам уақыт күтуге тура келді.

Жаппай қуғын-сүргін жылдарында саяси себептермен сотталған адамдардың барлығын толық ақтау жарияланған бақытты күнге дейін бәрі бірдей өмір сүре алмады.

1987 жылғы 28 қыркүйекте КОКП ОК Саяси Бюросының "30-40-шы жылдар кезеңінде орын алған және 50-ші жылдардың басындағы қуғын-сүргінге байланысты материалдарды қосымша зерделеу жөніндегі КОКП ОК Саяси Бюросының комиссиясын құру туралы" қаулысы шықты, онда КСРО прокуратурасы мен мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне азаматтардың шағымдары және өтінішінің бар-жоғына қарамастан, істерді қайта қарау жөніндегі жұмысты жалғастыруға нұсқау берілді. [11, б.15-16]

Жаппай қуғын-сүргін кезінде әділетсіз сотталған азаматтарды толық ақтау жолындағы маңызды қадам КОКП ОК Саяси Бюросының 1989 жылғы 5 қаңтардағы қаулысы болды, онда "тарихи, құқықтық әділеттілікті қалпына келтіру қазір үлкен саяси мәнге ие болды. Біздің социалистік құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы ілгерілеуіміз, қоғамдық сананың дамуы көп жағдайда осыған байланысты. Барлық жазықсыз сотталғандардың толық ақталуын, олардың мәңгі есте қалуын жұртшылық, зардап шеккендердің туыстары мен жақындары күтуде. [11, б.17-18]

1990 жылдың 1 қаңтарына КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылдың 16 қаңтарындағы Жарлығына сәйкес 87288 адам ақталды. "Үштік"

алқалар мен ерекше кеңестердің шешімдері бойынша қуғын-сүргінге ұшырағандарды, сондай-ақ сот және прокурорлық органдардың шешімдерімен жауапкершілікке тартылған 31342 адам болды.

[11, б.328 ]

1990 жылғы 13 тамызда КСРО Президентінің "20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің барлық құрбандарының құқықтарын қалпына келтіру туралы" Жарлығы шықты, онда партияның XX съезі бастаған жұмыс дәйексіз жүргізілгенін және 60-жылдардың екінші жартысында шын мәнінде тоқтағанын және материалдарды қосымша зерделеу жөніндегі арнайы комиссия 80-жылдардың ортасынан бастап қайта басталғанын атап өтті. Қуғын-сүргінмен байланысты мыңдаған жазықсыз сотталғандар ақталды және саяси істер бойынша ОГПУ-НКВД-МГБ органдарының соттан тыс шешімдері заңсыз деп танылды.

[6, б.155]

1991 жылы 18 қазанда қабылданған "Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Ресей Федерациясының Заңы саяси себептер бойынша барлық сотталғандарды ақтау бойынша жұмыстың аяқталуы болды. Осыған ұқсас заң Қазақстанда 1993 жылғы 14 сәуірде қабылданды, " ол заң бойынша 1917 жылғы 25 қазаннан (7 қарашадан) кейін Саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған барлық адамдарға осы қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, оларға келтірілген моральдық және материалдық залалдың қазіргі уақытта барынша мүмкін болатын орнын толтыруды қамтамасыз ету мақсатында қолданылды.

«Ата-аналарымен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған балалар да саяси қуғын-сүргіннің құрбандары деп танылады». [12] Шынында да, осы заң шыққаннан кейін, қазір репрессия жылдарында "саяси қылмыстар" үшін сотталған әрбір адам тиісті органдарға хабарласып, ақталу туралы анықтама ала алды.

Кейіннен, Президент Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жыл республикада жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. [13]

Сол жылы республика азаматтары мен қоғамдық бірлестіктерінің өтініштерін ескере отырып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдыру мақсатында Президент Н.Ә. Назарбаевтың 31 мамырды Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп белгілеу туралы Жарлығы шықты.

Осылайша, Алжирдің тұтқындары жазасын өтегеннен кейін де лагерьден әрдайым босатыла бермейді. Бұрынғы тұтқындардың едәуір бөлігіне деген қоғамда түсініспеушіліктер кездесті. Билік тарапынан тұрғылықты мекенге тіркеуді шектеу, ірі қалаларда тұру, жұмыс істеу, оқуға және т. б. тыйым салу бойынша әкімшілік шаралар болды.

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Сборник законодательных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий.-223 с,(158).
- 2.Земсков В.Н.Гулаг:( историко-социальный аспект)//Социологические исследования.-1991 г.-№ 6 –С 10-27(22)
- 3.Сборник законов СССР и указов Президиума Верховного Совета СССР (1938-1956)  
– М.Госюриздат,1959,-С 407
- 4.Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. – 223 с.
- 5.Сборник нормативных актов по советскому исправительно-трудовому праву ( 1917-1959). - М.Госюриздат,1959 г.- С 118
- 6.Кукушкина А.Р.Акмолинский лагерь жен «изменников Родины»:история и судьбы.  
– Караганда, 2002 г. –С 136
- 7.Солженицын А.И.Архипелаг Гулаг. 1918-1956 г.г. опыт художественного исследования.В 3-х –М.Советский писатель,Новый мир.-585 с
- 8.Смагулова Г. Не утихающая боль// Целиноградская правда.-1989 г. 26 апреля.
- 9.Коваров В.Правда «АЛЖИРА» // Ленинская смена.- 1988 г. 2 июня
- 10.Государственный архив г. Астаны. Ф.370. Д.50
- 11.Реабилитация.Политические процессы 30-50-х годов.- М.Политиздат,1991 г. -461 с
12. «О реабилитации жертв массовых политических репрессий».Закон Республики Казахстан// казахстанская правда. – 1993 г. 1 июня
- 13.Указ Президента РК « Об объявлении 1997 годом Общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий»// Юридическая газета РК.- 1997 г. 8 января.
- 14.Хабаршы.Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ № 3 (43). 2005 ж. 111-116 б.

**ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ**

*Сейтқазиева Айгүл Жұмабекқызы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқарамасының «Рудный қаласы білім бөлімінің №19 жалпы білім беретін мектебі» КММ тарих пәні мұғалімі*

*Ә Бөкейханов пен мен оның серіктестерінің алдына қойған ауқымды стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін бұқара халықтың сана-сезімі*

*мен жүрегін ұялататын идея қажет болды. Ол қазақты бір ұлт деп көргісі келді, соған жетеледі. Ә.Бөкейханов ұсынған «Алаш» идеясы зор нәтижеге, жеңіске жеткізді.*

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ съезі Алаш автономиясы деп аталатын ұлттық мемлекет құрылғандығын мәлімдеп, оның үкіметін сайлады. Бұл отарлық езгідегі қазақ қоғамы үшін тарихи маңызы ерекше еді. Осындай тарихи оқиғаға әкеп тіреген ұлттық азаттық қозғалыстың алғы шебінде ұлттық интеллигенция тұрды. Олар ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін өркениетті елдер көшіне қосу сол кездегі көзі ашық азаматтарымыздың ең басты арман-мақсаты болғандығы. Өткен өмірдің оңды сабақтары сол шақтағы қазақ қоғам қайраткерлерінің ұлттық мемлекеттікті құру жолындағы бағыты елді тәуелсіздікке жеткізетін бірден-бір тура жол екендігін айғақтап отыр. Аңқау елді арзан ұрандармен артынан ертіп, ал оның көзі ашық көш бастаушыларын «буржуазиялық ұлтшылдар», «халық жаулары» деп жариялап, алдымен халықты оларға қарсы қойып, артынан оларды асып-атып, рухани азапқа салып, жойып тыңды.

Халқымыздың өткен тарихында елеулі тұлға болған қайраткерлердің бірі-Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов. Ол еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған әулетте өскен. Оның арғы атасы Шыңғысханның ұрпағы әйгілі Барақ сұлтан ақтабан-шұбырынды заманында ешкімге де бас иемей кеткен. Ә.Бөкейхановтың революциялық, гуманистік дәстүрлерді өз бойына сіңіріп қана қоймай, бостандық, теңдік және туысқандық деген күдіретті сөздердің ұрығын өзі өскен ортаға, қазақ даласына кеңінен тарата білгенін айтқан жөн. «Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды. Ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды. Малына да, басына да ие болмайды»-деп ол туған халқын азаттық үшін күреске шақырды. [1,5 б]

Қазақ елінің өзінің отарлық езгідегі халін түсіне бастауы, ұлттық интеллигенцияның нақты әрекетке көшуі 1905 жылғы орыс революциясымен тікелей байланысты. Осы жылғы Қазан манифестімен қанаттанған қазақ зиялылары жалпыұлттық мүддені көздеген арызтілектер жазуды ұйымдастырды, жалпыұлттық газет шығару, тіптен ел мүддесін қорғайтын саяси партия құру және Мемлекеттік Дума жұмысына ат салысу сияқты міндеттерді ала бастайды. Әлихан Нұрмұхамедұлының да саяси өмірге белсенді түрде араласа бастауы осы кезеңге тұспа-тұс келеді. Оның Семей облысы қазақтарының атына 1 Мемлекеттік Дума мүшесі болып сайлануы, қазақ кадеттері партиясын құруды көздеген жиналыстар өткізу, орыс тіліндегі басылымдарда патша билігінің қазақ даласындағы әділетсіз отаршылдық саясатын әшкерелейтін мақалалар жариялауы соның айғағы болатын. Патша үкіметінің империялық саясатына қайшы келетін бұл қызметі жандармерия тарапынан ескерусіз қалған жоқ. Ә.Бөкейханов 1906 және 1908 жылдары

абактыға отырып шыққан соң, заң орындарының ұйғарымы бойынша ішкі Ресейге (Самара қаласы) жер аударылып, сыртынан полицейлік бақылау қойылады. Мұның бәрі Ә. Бөкейхановты жаңа жағдайға байланысты күрестің жаңа түрлерін игеруге итермелейді. Енді ол 1910 жылы Орынбор қаласына саяси сенімсіз адам ретінде жер аударылған Ахмет Байтұрсынұлымен бірігіп, жалпыұлттық газет шығару ісін қолға алады. 1913 жылдың 2 ақпанында шыға бастаған «Қазақ» өзінің биік өресімен, надандықтың құрсауында жатқан қазақ елін ояту ісіне қызмет етумен бірге, саяси кемелденуіне игі ықпалын тигізгендігі даусыз. Ә. Бөкейхановтың «Қазақ» газеті арқылы көрінген белсенді ағартушылық және публицистикалық қызметі 1916 жылдың дүрбелеңіне дейін созылды. Осы кезден бастап Ә. Бөкейханов Уақытша өкіметтің саяси өміріне белсене араласады. 1917 жылғы сәуір айында құрылған 9 адамнан тұрған Түркістан Комитетінің мүшелігіне Қазақстаннан Ә. Бөкейханов пен М. Тынышпаевтың енуі соның дәлелі еді. Ә. Бөкейханов жаңа биліктің Торғай облысы бойынша, ал М. Тынышпаев Жетісу облысы бойынша комиссарлары болып бекітілді. [3,4 б]

Ә. Бөкейханов үшін өмірінің соңына дейін ең маңызды мәселелерінің бірі- жер мәселесі болды. Ол бұл мәселеде достары да және жаулары да толық мойындаған ірі, білікті маман еді. Өкінішке орай, оның Қазақстандағы жер мәселесін шешуге байланысты дәлелді ұсыныстары Уақытша өкімет түгілі, Кеңес билігі тұсында да ескерусіз қалған.

Сонымен, Ә. Бөкейханов ұсынған Қазақстандағы жерді игеру принциптері мынаған саяды:

1. Қазақ бұқарасы түгел жер еншісін алып болғанша келімсектердің келуі тоқталуы тиіс. Жер үлесін алдымен патша заманында ата қонысынан айырылған жергілікті халық алуы керек.

2. Адамға, үйге тиетін жер үлесі шаруағы жердің топырағына, жергілікті табиғатына байлаулы болады. Барлық облыс, аудандарда жер үлесін, нормасын жергілікті жер комитеттері белгілейді.

3. Қазаққа жер кесілгенде ауылға, ұлысқа, руға, өздерінің тілегіне қарай бөлінеді. Жерді бірге алған ру, ауыл, болыс өз ішінде өздері тәртіп жасап, әділдікпен пайдаланады.

4. Жерге атты казактардың ерекше құқықтары біржола жойылады. Жер сыбағасы жергілікті халыққа бұрынғы тұрған жерінен, яғни ата қонысынан беріледі.

5. Жерді сатуға тыйым салынады. Үлестен қалған жер мемлекет қазынасына өтеді, мұның билігі жұрт мекемесі қолына өтеді.

6. Қазақ мемлекетінің жер үстіндегі түгі, суы, астындағы кені Алаш мүлкі болып табылады.

Ә. Бөкейханов жаңа мемлекеттік аппаратты құруда да шамамен осы сипаттағы принциптерді басшылыққа алуды ұсынды. Бұл ретте ол былай деп көрсетті: «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре

